Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№51 (1002)

25.12.2020

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

АЯЗДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

САРШҰНАҚ АЯЗ ҚЫСЫП, АРТЫ БҰРҚАСЫНДЫ БОРАНҒА ҰЛАСҚАН КӘРІ ҚЫСТЫҢ БИЫЛҒЫ ЕКПІНІ ҚАТТЫ. ТІПТІ ТӘУЛІКТЕП ЖАУҒАН ҚАРДЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖОЛДАРДЫ БАҚЫЛАЙТЫН МЕКЕМЕЛЕР ТҮГІЛІ ҚАЛА ІШІНДЕГІ КОММУНАЛДЫҚ САЛАҒА ЖАУАПТЫЛАР ҚАЛЫҢ ҚАРДЫ ТАЗАЛАП ҮЛГЕРМЕУДЕ.

Солтүстік өңірлерде борандатып жауған қар құрсауы жол түгілі жеке тұрғын үйлерді басып қалғаны интернет желілерінде берілуде. Ауа райына байланысты алдын ала ескертулер жарияланды. Мәселен, қазақстанның бірнеше өңірінде 21-22 желтоқсан күндері кей аймақтарда жел, көктайғақ, бұрқасын болып, тұман түседі деп хабарлайды «Қазгидромет». Қызылорда, Ақмола облыстарында түнде ауа температурасы 21-26, Батыстан, оңтүстік-батыстан күшті жел соғып, кей жерлерде желдің екпіні 23-28м/с күшеюі мүмкін екенін айтуда. Табиғаттың тосын апаттарына сақадай-сай болу үшін, «ҚазАвтоЖол»ҰҚ» АҚ мен «Казахавтодор» ЖШС Алматы облысы бойынша филиалдарының хабарламасына сай 21 желтоқсаннан бастап «Алматы-Өскемен» республикалық маңызы бар автожолдың 588-ші мен 615-ші шақырымындағы барлық көлік жолдары жабылды деп хабарлап, Алматы облысының ТЖД-ті азаматтардың осы бағыттағы сапарлардан бас тартуды және 112 қызметі беретін СМС хабарламаларды назардан тыс қалдырмауды сұрайды.

Жаздағы шомылу маусымында адамдардың қауіпсіздік шараларын ескермей, суға бату салдарынан ажал құшса, қақаған қыста, балық аулауға шығамыз деп автокөліктерімен аса қалың емес мұз айдындарға батуы, болмаса көктайғақта жол ережелеріне мән бермей қарсы бағыттарға сырғанап кетіп, қарама-қарсы бағытта келе жатқан көліктерге соғылып, адам шығынына жол берілуде. Мәселен, Алматы облысының құтқарушылары 21 желтоқсанда, Алакөл көлінде, Ұзынбұлақ учаскесінде алты балықшыны құтқарып қалған. Анықталғандай, алты балықшы балық аулау кезінде екі автокөлікпен жұқа мұзға шығып кеткен, біраз уақыттан кейін мұз ажырап, бір көлік суға баткан. Ал, аман қалған алты адам жұқа мұздың бетімен өздігінен қозғала алмаған *(бұл учаскесіндегі мұздың қалыңдығы 10-15 см).* Осы төтенше оқиғаға, яғни, құтқару операциясына Алматы облысы ТЖД жедел-құтқару жасағының 4 құтқарушысы, 1 жүзу құралы және 1 техникасы жұмылдырылған. Төтенше жағдайлар департаментіндегі мамандардың айтуынша, қыстың-көзі қырауда балық аулауға шығатындар мұзда сақтық шаралары мен жүріс-тұрыс ережелерін назарда ұстау керек дейді.

Сонымен қатар қағида бойынша жіңішке және қатпаған мұзға шығуға, мұздың беріктігін аяқтың соққысымен тексеруге, мұзға тәуліктің қараңғы уақытында, (тұман, қар, жаңбыр жауған) және мас күйінде шығуға болмайды. Жұқа, жарылған мұзда қалсаңыз абайлап кері бұрылу және жағаға келген жол бойынша сырғымалы қадамдармен қайту керек. Бірақ, ескертпелерге зер салып жатқандар шамалы. Абайсыздықтан және сақтық шараларын ескермеудің соңы қайғылы оқиғаларға алып келуде. Мұзды суға түскен адам 10-15 минуттан кейін үсіп, 20 минуттан кейін есін жоғалтуы мүмкін екенін балыққұмарлар білуі тиіс дейді мамандар.

Қыс басталғалы бері, қар құрсауынан жолдарда тұрып қалған 21 техника шығарылып, 56 адам құтарылған. 22 желтоқсанда, Төтенше жағдайлар департаменті Сарқан ауданының Мұқан ауылынан 25 шақырым жерде орналасқан шаруа қожалығының қыстағынан мал жаюға шығып, адасып кеткен *(1988жылы туылған)* шопанды құтқарған. Іздестіру мен құтқару жұмыстарына ТЖД және полиция қызметкерлерінен 16 адам, 6 техника, 3 іздестіру тобы жұмылдырылыпты. Қақаған қыстың ақтүтек бораны мен көктайғақ жолдары адам өміріне аса қауіпті болуда. Сондықтан, сақтық шараларын сақтап, абай болайық.

Айтақын МҰХАМАДИ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне 2021 жылға жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4470, 20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
1 жылға – 4700, 80 теңге.

Началась подписка на 2021 год на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
1 год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
1 год – 4470, 20 тенге.
для сельского населения
1 год – 4700, 80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЗДЕСУ

МЕДИЦИНАДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Темірболат Ахажан, Ерлан Андасбаев, Алишер Манликов ZOOM платформасы арқылы медицина саласы қызметкерлерімен кездесу өткізіп, аталмыш саладағы жаңалықтар мен бірқатар өзекті мәселелерді талқылады.

Айта кетейік, партияның сайлауалды бағдарламасында денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөлінген. Атап өтсек, диагностикамен емдеудің жаңа жоғары технологиялық әдістерін енгізу, емдеу мекемелерінің жабдықталуы, материалдық-техникалық базасын нығайту, сирек профильді 20 дәрігерді *(акушер-гинеколог, маммолог, балалар рентгенологтары, эндокринолог, невролог, травматолог, проктолог)* қызметке тарту, медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, яғни, тұрғын үймен қамтамасыз ету. Кедесу барысында Темірболат Жанболатұлы сайлауалды бағдарламасының негізгі басым бағыттары Тұңғыш Президент Н.Назарбаев бастамасы негізінде халықтың түпкі мүддесін және барлық саяси, экономикалық-әлеуметтік мақсат-міндеттерді айқындайтын реформалардың бағыттарына қолдау көрсету оны одан әрі жалғастыру болып табылатынын айтты. Сондай-ақ, тұрғындардың денсаулығын нығайту, жалғызбасты аналарды қорғауға назар аудару, халықтың әлжауаз тобы *(соғыс, еңбек ардагерлері, зейнеткерлер, мүгедектер, көпбалалы отбасылар),* білім алушы жастардың әл-ауқатына баса назар аударылатын болады деді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КӘСІПОРЫНДАР ҚЫЗМЕТІ ПАРТИЯ НАЗАРЫНДА

Талдықорған қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Болат Сериев пен Алишер Манликов «Ажар» тігін фабрикасының ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында партияның сайлауалды бағдарламасын насихаттап, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, осы уақытқа дейінгі атқарылған жүйелі жұмыстар легімен бөлісті.

«Nur Otan» партиясы қолданыстағы кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті өнім шығару ассортиментін кеңейту және ұлғайтуға ықпал ететін болады.

Қазіргі қиындықтарға қарамастан партия экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету, қолданыстағы жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру, облысымызды қауіпсіз әрі жайлы ету үшін бірқатар маңызды жобаларды іске асырмақ .

Өз кезегінде үміткерлер :«Бағдарламамыз Талдықорған қаласын дамытуға бағытталған. Біз қаламызды қолайлы аймаққа айналдыратын нақты шараларды ұсынамыз. Қаламыздың дамуы мен өркендеуі үшін азаматтар мен қоғамдық бірлестік өкілдерімен әрқашан тығыз байланыста болып, идея алмасуға дайын екендігімізді айтқымыз келеді. Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!» дей келе негізгі басымдықтарға тоқталып, бағдарлама бағыттары бойынша ақпараттандырып өтті. Сонымен қатар ұжым қызметкерлері тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріп, «Nur Otan» партиясын қолдауға шақырды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

НАЗАР

Талдықорған қаласында аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға арналған «Жанұя» орталығы жұмыс жасауда. Әлеуметтің әлеуетін арттыруға қолдау көрсететін орталық «Талдықорған қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі мемлекеттік мекемесінің» қолдауымен жүзеге асқан.

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАЙЫҚ

Орталық жұмысы бір терезе қағидаты бойынша іске асып жатыр. «Жанұя» мамандары әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды әлеуметтік бағдарламалар туралы ақпараттандырады, қажетті құжаттарды дайындауға көмек көрсетеді. Орталық сондай-ақ заңгерлік және психологиялық кеңес, оңалту көмегін және басқа да қызмет түрлерін ұсынады. Орталықты құрудағы басты мақсат Талдықорған қаласында тұратын әлеуметтік осал отбасылардың өмір сүру сапасын арттыру, экономикалық дербестікті нығайту және азаматтардың өмірлік қиын жағдайдан шығу үшін жеке уәждемесін нығайту болып табылады. Бүгінгі таңда орталықта көпбалалы аналар үшін аспаздық, визаж, массаж, тәтті даярлау, тігін курстары жүргізілсе, балалар үшін ағылшын тілі курстары жүргізілуде. Құрметті көпбалалы аналар, қандай да бір сұрақ мазаласа Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі 222 мекен-жайында күтеміз!

Жанар НУРМУХАНОВА,
Алматы облысы Азаматтық Альянсы президенті.

БІЛІМ

Пандемия кезіндегі қашықтықтан оқыту форматына көзқарас әртүрлі, тіпті кей жағдайда негативті деп те айтуға болады. Әрине, мұның орынды себебі де бар. Бірақ, біздің менталитетіміз де үйреншікті, өзімізге ыңғайлы әдістермен сабақ алу тәсілдерінен ажырағымыз келмейтіні жақсы істерге кедергі болып жатады.

ОНЛАЙН ОҚЫТУДЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ата-аналардың онлайн-оқуға көзқарастары әртүрлі, оқушылардың да көзқарастары әрқилы. Бірақ, қалай десек те, пандемия кезінде оқу процессі тоқтамау керек. Сол үшін қарастырылған әдістердің бірі ЗУУМ платформасы арқылы көптеген оқу-әдістемелік шараларының ұйымдастырылуы. Мәселен, сондай оң бағыттағы онлайн-оқу Талдықорғандағы №2 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұдайы түрде жүзеге асырылып келеді. Айтып өткеніміздей, қашықтықтан оқытудағы мұғалімнің еңбегі көбіне еленбей жатады. Өйткені бұған дейін қоғамымызда кездеспеген пандемия сияқты жағдайда пәндік дәрістерді озық электронды технологиялар арқылы оқушыға жеткізуде мұғалімнің атқарар ролі жауапты да маңызды. Ең алдымен ұстаздардың өткізетін іс-шаралар жоспары жасалып, оны мектеп директоры бекітеді. Ол іс-шаралар тек сабақ қана емес, семинар, ЖМ, көрме, вебинарлар мен тренингтер,байқаулар сияқты түрлерден құралады. Мысалы, № 2 мектеп директоры Ляйля Жанатқызының бастамасымен «CLILL әдісі бойынша оқушылардың метапәндік құзіреттілігін қалыптастыру жолдары» тақырыбында вебинар өткізілді. Басты мақсат – ЖМЦ пәндері бойынша білім мен тілдік білімді кіріктіре оқытудың әдіс-тәсілдерімен тәжірибе бөлісу.Осы мәселеге байланысты химия, биология, физика, информатика пәндерінің мұғалімдері Ж.Нуразиманова, Ж. Иткулова, Н.Зурдунова, А.Жақсылықова, Қ.Байжұманова өз тәжірибелерімен бөлісті. Вебинарды ұйымдастырған директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Р.Разбаева. Сондай-ақ, жас мамандар мен гуманитарлық пәндер бірлестігінің қатысуымен «Эссенің құрылымы және оны жазуда ұстанатын алғышарттар» деген тақырыпта вебинар өткізілді. Вебинардың басты мақсаты – эссе байқауларында және тіл пәндерінде эсседе ескерілетін қағидаттарды үйрену, оны қолдану. Жас мамандар арасында «Менің кәсіби ұстанымым»атты эссе минуты өткізілді. Вебинарға жауапты ұстаз қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі А.Қабидолданова болды. Осы шаралардың қатарында жас мамандарға арналған «Сабақ типологиясы» деген тақырыпта да семинар өтті. Семинардың мақсаты – жас мамандарды жаңа әдіс-тәсілдерге үйрету арқылы ізденімпаздыққа тәрбиелеу және оларды жан-жақты дамыту. Дәл осы тақырыптағы семинарды мектептің тренерлері Г.Ордағұлова мен С.Махамбетова да өткізді. Жалпы айтқанда, екінші тоқсанның басындағы бір жетінің ішінде ғана мектеп педагогтарымен 9 түрлі іс-шара жүргізілді. Мұндай іс-шаралар жалғасын ұдайы түрде табуда.

Осы өткізілген шаралардың барлығы облыс орталығындағы №2 мектеп өмірінің пандемия кезіндегі шағын ғана бір көрінісі. Шын мәнінде мұның бәрі ұстаздардың жаңашылдыққа ұмтылуына, кәсіби білімі мен тәжірибесін шыңдауына, ал онлайн оқыту ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктеп жатқанын байқатады.

Р. РАЗБАЕВА,
№2 орта мектеп КММ директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

МАМАН МІНБЕРІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығын негізге ала отырып, «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі заңының 10-бабының1) тармақшасына сәйкес әзірленеді және оны қалыптастыру тәртібін анықтайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметті бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары көрсетеді. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы (www.egov.kz) құжаттар топтамасын ұсына алады. Құжаттар топтамасын көрсетілген қызметті беруші кеңсесі арқылы көрсетілген кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттар топтамасын қабылдайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді. «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүгінген кезде www.egov.kz көрсетілетін қызметті алушы "Білім беру" бөлімінде электрондық мемлекеттік қызметті таңдауды, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруды және құжаттар топтамасын бекітуді жүзеге асырады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: қызмет көрсету мерзімі 2 жұмыс күні; құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны:Электрондық немесе қағаз түрінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: құжаттарды қабылдау туралы қолхат; үйде жеке тегін оқыту туралы бұйрық. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі. Жұмыс кестесі: қызмет беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініш қабылдау және нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін атқарылады. 2020-2021 оқу жылында Қырғауылды ауылындағы қазақ орта мектебі МДШО, КММ үйден тегін оқытылатын 5 оқушыға мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі,мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеуге,толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда алуға, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіге сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға құқылы.

Қырғауылды ауылындағы қазақ орта мектебі МДШО КММ әкімшілігі.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

НОВЫЙ МЕТОД ПО ПРОДВИЖЕНИЮ ТУРИЗМА

ВО ВСЕХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ШКОЛАХ ПРОШЕЛ СЕТЕВОЙ КОНКУРС ТВОРЧЕСКИХ РАБОТ И ПРОЕКТОВ В РАМКАХ МАСШТАБНОЙ КРАЕВЕДЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ «ТУҒАН ЕЛГЕ ТАҒЗЫМ» 2020 ГОДА.

Исследовательско-краеведческая экспедиция, которая является одним из крупных проектов Автономной Организации Образования «Назарбаев Интеллектуальные школы», направленная на изучение национальной истории и культуры.

Одиннадцать исследовательских проектов представили ученики Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган.

Ребята создали ряд сайтов, интернет-ботов, эскизы и макеты, креативные идеи по историческим, культурным, природно-заповедным и промышленным направлениям Алматинской области.

Удивительный край «Жетысу» имеет огромный потенциал для развития различных сфер промышленного производства. Это становится залогом большого интереса широкого круга лиц, от внешних инвесторов до простого обывателя к доступности информации о желаемом объекте.

Так команда учащихся 10 классов Интеллектуальной школы создала информационный гид по промышленно-инновационным предприятиям Жетысуйского края, разработав сайт на двух платформах «Тильда» и hdml.

Исследование наскальных рисунков «Тамғалы тас», «Ешкі өлмес», «Архарлы» провела команда по историческому наследию региона. Ученицы 10 класса Томирис Касымова, Асель Бердаулет, Акат Лейлима, Назерке Рымбаева столкнулись с удивительными фактами о древних изображениях, часть которых до сих пор не изучена.

- Научная деятельность в Казахстане по изучению петроглифов к сожалению, слабо развита, мы хотели внести свой небольшой вклад по изучению данной темы, посетив некоторые объекты Алматинской области. При исследовании петроглифов также было выявлено, что древние наскальные рисунки подвергаются разрушению, - рассказывает Назерке Рымбаева.

Через популярные социальные сайты продвигать туризм предлагают Алишер Бекмустафаев и Сымбат Кенжерага. Они разработали Телеграмм-бот «Zhetysuwild», где представлена вся информация по заповедным местам Алматинской области. Нажав на кнопку старт в телеграм-канале вы можете узнать местоположение, флору и фауну и даже климат данного национального парка.

- Сервис ТикТок на сегодняшний день стал одним из популярных и доступных платформ среди молодежи и популяризировать туристические маршрутынашей области через данное приложение – очень удобно, - делятся своим мнением ученики 11 класса Оспан Думан и Сейдахмет Шырын.

Помимо канала в ТикТок под названием «almaty_region_tourism» юные разработчики создали также сайты на конструкторе WIX.COM, Тильда, где можно найти информацию о достопримечательностях Жетысуйского края.

Включить в маршрут культурного наследия Ұлт руханияты – бабалар аманаты», ученицы Инкар Мейрхан и Афина Жомартрекомендуют аул Нурмолда Алдабергенова, дважды Героя Социалистического Труда, председателя колхоза «Джана Талап»; председателя колхоза имени «Сталина». Нурмолда Алдабергенов смело внедрял новые методы в земледелии, полеводстве и животноводстве. Воспитал целую плеяду Героев Социалистического Труда и передовиков производства. По словам учениц, мы должны знать ярких личностей нашей области не только из книг, но и в живую прикоснуться к его истории, посетив его родной аул, музей, парк, объекты строительства.

Сохраняя первобытность природы Жетысуского Алатау возродить культуру казахского народа через этнографическую турбазу предлагают ученики Интеллектуальной школы Жомарт Жексенбай, Алуа Коблан, Нурай Кажибекова, Улпан Елмурат. Ребята сделали макет турбазы «Текели», в котором сочетается и история прошлого и современного мира. При этом каждый уголок туристической базы рассказывает об обычаях, быте, культуре и традициях кочевого народа.

Карина ПФАЙФЕР

О НОТАРИАТЕ

СОГЛАСИЕ

В соответствии изменениями и дополнениями в Гражданский Кодекс Республики Казахстан и в п.3 статьи 58 Закона РК "О нотариате" с 2019 года нотариусы удостоверяют согласие.

Согласие - это односторонняя сделка, представляющая собой изъявление воли одного лица в утвердительной форме, данное другому лицу, на совершение каких либо действий (действия) представляющий собой юридический факт права.

Однако не все согласия удостоверяются нотариусом, а лишь те согласия, для которых законодательством предусмотрено обязательное нотариальное удостоверение.

Остановимся на наиболее часто удостоверяемых согласиях, это

-согласие участника совместной собственности на совершение сделки, предусмотренных Гражданским кодексом Республики Казахстан, при этом проверяется факт принадлежности имущества;

-согласие супруга(супруги) для совершения другим супругом сделок по распоряжению недвижимостью и сделки, требующих нотариального удостоверения и регистрации в законном порядке, при этом проверяется факт приобретения имущества в период зарегистрированного брака и это имущество является общей совместной собственностью, также наличие или отсутствие брачного договора;

-согласие супруга на использование общего имущества супругов для осуществления личного предпринимательства;

- согласие супруга при осуществлении совместного предпринимательства, если в деловом обороте от имени супругов выступает один из них;

При удостоверении согласия супругов проверяется наличие брачных отношений.

-согласие залогодателя на регистрацию возникновения и изменения залога, предоставленного в обеспечение договора банковского займа;

-согласие участников общей совместной собственности на государственную регистрацию возникновения, изменения или прекращения права общей совместной собственности, проверяется факт принадлежности имущества;

-согласие заинтересованных лиц на исправление ошибок, допущенных при государственной регистрации прав на недвижимое имущество, проверяется факт принадлежности имущества;

-согласие родителей, усыновителей, опекунов или попечителей на выезд несовершеннолетнего гражданина РК без сопровождения на воздушном транспорте, проверяется полномочия законных представителей;

-согласие родителя, который проживает на территории РК на выезд на постоянное место жительство гражданина РК не достигшего восемнадцати лет, совместно с одним из родителей за пределы Республики, проверяется полномочия законных представителей;

-согласие законных представителей на совершение сделки несовершеннолетним в возрасте от 14 до 18 лет в случае если для сделки законодательством установлена нотариальная форма, проверяюся полномочия законных представителей;

-согласие владельца помещения -физического лица о предоставлении помещения в качестве места нахождения юридического лица, при удостоверении этого вида согласия проверяется факт принадлежности помещения по правоустанавливающим документам на помещение;

-согласие физического или юридического лица на предоставление иностранцу или лицу без гражданства жилища на проживание и постановку на постоянный регистрационный учет, при удостоверении согласия проверяется факт принадлежности жилища;

-согласие собственников смежных с изменяемыми (частями дома) на реконструкцию (перепланировку, переоборудование) помещении(отдельных частей) существующих зданий, в случае если планируемые реконструкции (перепланировка, переоборудование) или перенос границ помещений затрагивают их интересы, при этом проверяется факт принадлежности имущества.

С. БЕСБАЕВА,
нотариус нотариального округа Алматинской области

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨКЕЙКЕСТІ

Арқа жайлы болса, арқар ауып несі бар

«Ат төбеліндей ғана ел едік», 19 миллионға жеттік деп бөркімізді аспанға атып жүргенде, тағы да сиырдың бүйрегіндей бөлшектеніп барамыз. Жо, жоқ, бөлшектеніп дегенде теріс ұғым болмасын. Қазақстаннан қазақтар көшіп жатыр, оның басым бөлігі жастар. Сонда елдің тұтқасын кім ұстайды.

Статистикалық мәліметтерге қарасаң, өне бойыңды үрей билейді. Мәселен, 2015 жылдан 2019 жылдың қазан айына дейінгі аралықта Қазақстаннан жалпы 200 мың адам шетелге қоныс аударыпты. 2015 жылы 33,4 мың, 2016 жылы 37,8 мың, 2017 жылы 39,8 мың, 2018 жылы 45,6 мың, 2019 жылы 10 айда 44,3 мың елден кеткен. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап жер жүзіне тарыдай шашыраған қазақтың көшін Қазақстанға бұрамыз деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Монғолия, Қытай, Иран, Түркіменстан, Өзбекстан мемлекеттерінен көшіп келген қандастарымызға жағдай жасауды үкімет пен жергілікті билікке тапсырған-ды. Олардың көші-қон бағдарламасына көзқарастары ала-құла болды. Әлі күнге дейін Қытай мемлекетінен келгендер азаматтыққа толық қол жеткізе алмай, билік өкілдерінен тауы шағылып, ақпарат құралдарына мұң шағып жүргендері бар. Қазақтың басын бір тудың астына біріктіреміз деп жүргенде енді елден жаппай кетіп жатқан жастардың аяқ алысы шошытады. Тіпті елдің алдында жүрген өнер адамдары Түкиядан үй сатып алғандарын интернетке жаппай жариялауда. Болашағын шет мемлекетпен байланыстыратын жас толқындар аяқтары үзеңгіге тисе шетел асуға дайынбыз дейді. Басты себеп, Қазақстанда білім алу ақысы қымбат, жұмысқа тұрудағы тамыр-таныстық, жалақаның төмендігі және қоғамды жайлаған жемқорлықтан жүректері шайылған жас ғалымдар да шетел асып үлгерген. Біздегі қаулылар, заңдар қағаз жүзінде қатып тұр. Ал, іс жүзінде керағар. Елбасы мен Президенттің берген тапсырмаларын жергілікті билік құлақтарына да ілмейтін болған. Оған мысалды алыстан іздеудің қажеті де жоқ. Солтүстік өңірлерді қазақтандыру бойынша Оңтүстіктегі жастарды сонда көшіріп, олардың әлеуметтік жағдайларын толық жасау шаралары шалағай болды. Салып берген баспаналары қыстың көзі қырауда жылымай, көк аяз болғанын айтып жергілікті билікке барса: «Сендерді мен шақырғам жоқ, ұнамаса кете беріңдер» деп доң айбат көрсеткенін көгілдір экран көрсетті. Міне, Қазақстанның ішіндегі ішкі жағдай. Осыдан соң көңілі қалғандар тіршілік қамын және болашағын сырттан іздемегенде қайтеді. Өзекті өртейтіні сол шетел асып жатқан жастардың 69 пайызы еңбекке жарамды жаста болып тұр. Өз елімізде де маман тапшылығы жетеді. Ал халық санының азаюы ел демографиясына кері әсер етпей ме? Тағы да статистикалық мәліметке сүйенсек еліміздегі 29-жасқа дейінгі жастардың 45-пайызы шетелге кетуге талпынады екен. Жастардың жаппай шетел асып жатқанынан хабардар болған Елбасы Н. Назарбаев та өз алаңдаушылығын білдірген болатын. Тіпті «Болашақ» бағдарламасымен шетелге оқуға кетіп, қайтып келмей қойған жастарда бар. Олардың кепілдікке қойған дүние мүліктері жастарға әсер етпеді. Қайбір жылдары баласының шетелде білім алуына кепілдік қойып, кері қайтпай қойғаны үшін мемлекеттің шығындаған ақшасын және кепілге қойған мүліктері үшін сотқа тартылған ата-аналардың жан айқайын да естігенбіз. Тағы да статискаға жүгінсек. Ресейдің жоғарғы оқу орындарында 69 мың, Қытайда 17,6 мың, Кореяда 1,6 мың Ұлыбританияда 1 мың жас білім алады екен. Демек, біздегі білімнің сапасы, әрі оқу ақысының жылдан-жылға шарықтауы жастардың болашағына балта шабуда деген пайым жасауға болады. Солтүстік өңірлердің жастары көбіне көрші Ресейге оқуға ынталы екен. Алдыңғы жылы Қостанайда мектеп бітіретін 4000 түлектің тең жартысы ҰБТ тапсырудан бас тартып, Ресейге жоғары оқу орындарына ақылы оқуға түскен деген ақпаратты көзіміз шалды. Осыдан екі жыл бұрын, елден жалақының аздығына байланысты жас ғалымдар кетіп жатыр деген дабыл қағылған-ды. Қазір осы тақырып ақпарат құралдарының бас тұздығына айналған. Қазір қаржысы барлар балаларын шет елде оқытуға құмар. Мейлі ғой, кім қайда білім аламын десе еркіндік өздерінде. Алайда, елден жаппай кетіп жатқан жастар Отан деген ұлы ұғымды неге жете сезбеді. «Ажат елде сұлтан болғанша өз елінде ұлтан бол»-тәмсілді олар неге сезінбейді. Сезінеді, бірақ, біздің қоғам жемқорлықтан көз ашпады. Жігері құмға айналған жастар «Отан» аман болсын деп болашағын шетелмен байланыстыруда. Бұл мемлекет үшін аса қауіпті үрдіс. Тоқырау жылдарында ауылдан қалаға жаппай кеткен жастар енді шетелге үдере көшіп жатыр. Бір кездері ауылда қалған кәрі құртаңдар сияқты, Қазақстанда егде жастағылар ғана қалып, жұтаған ауыл сияқты күй кешіп қалмасақ болғаны. Бұл кеңінен ойланатын шаруа. Елбасы бекер алаңдаушылығын білдірген жоқ.

Айтақын МҰХАМАДИ

НАЗАР

«ЖОЛ ЖАСАЛЫП, АУЫЛЫМЫЗҒА ЕШ ҚИЫНДЫҚСЫЗ ЖЕТСЕК ҚОЙ». ҚАРАТАЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ КӨПБІРЛІК АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ БАР ТІЛЕГІ ОСЫ БОЛЫП ТҰР. ШАЛҒАЙДА ЖАТҚАН АУЫЛДА ОТЫЗ ЖЫЛДАН БЕРІ ЖЫРЛАНЫП КЕЛЕТІН ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ ТҰРҒЫНДАР ЖАНЫНА БАТЫП ЖҮР.

Қыстыгүні төселген асфальт

қайта сүрілмесін дейік

1984 жылдан бері бірде-бір рет жөндеу жұмысы жүргізілмеген жолдың қыстың көзі қырауда жасалып жатқанына не дерсің. Бұған наразы болған тұрғындар: «Мұндай уақытта жасалған жұмыс текке кетіп, көктем шыға жол таз қалпына келмей ме» дейді. Қазір жұмысшылар 5 шақырым жолды аяқтап қойған.

– «Жолдың жайын жүрген біледі» дегендей, осы ауылда туып өскесін жай-жапсарының барлығын білеміз. Жол жаман болғасын көлік қатынауы да кейінгі кезде қиындап барады. Қалаға баратын көлік жүргізушілері санаулы, көліктерін жаман жолға салғысы келмейді. Тіпті жол құны да жылдан-жылға артып барады. Осындай ауа-райында жүріп жатқан жөндеу жұмыстарына мүлде көңіліміз толмайды. Цемент пен құмды араластырып төгіп, бетіне суды шашты. Қазіргі даланың аязымен қатып, жол жып-жылтыр мұз болып тұр. Тіпті үстінде коньки тебуге болады – дейді ауыл халқы.

Өткен жылғы аудан әкімінің есебінде жолды жөндеуге 471 миллион теңге бөлінгендігі, Алмалы – Көпбірлік арасына қиыршық тас төгілетіні айтылғанымен, Қала мен ауылды байланыстырып тұрған 180 шақырым жолдың сапасы сын көтермейді. Жолдың нашар болуы салдарынан төрт сағат бойы жүруге тура келеді.

қазіргі жөндеу жұмыстарына қарасақ қиыршық тастың көлеңкесі де көрінбейді деп күйінеді ел.

Жергілікті тұрғындар көптен күткен Үштөбе – Алмалы – Көпбірлік тас жолының жөндеу жұмыстары жоба бойынша сәуір айынан басталып, жыл соңында аяқталуы тиіс болатын. Бірақ жолды жөндеу жұмысы желтоқсан айының басында басталыпты. Алмалы – Көпбірлік ауылының арасындағы 28 шақырым жолға 409 миллион 270 мың теңге бөлінсе, Үштөбе – Алмалы арасындағы жолға 827 миллион 174 мың теңге бөлінген. Ал, жөндеу жұмыстарына «Фирма Талдықорған жолдары» ЖШС мердігерлері жауапты екен.

– Қар жауған былай тұрсын, күз мезгілінде +10 градустан төмен ауа-райында жол салуға болмайды. Оның үстіне ыстық асфальт жамылғысын. Ауа температурасы төмен кезде асфальт тез қата бастайды. Бұл жұмысшылардың да жұмысына әсер етеді. Егер асфальтті тез лақтырып тастамаса ол пайдаға жарамай қалады. Қармен аралас салынған асфальт жерде дұрыс қатпай, келесі жылы қайта жөндеу жұмыстарын жасауға тура келеді. Оның үстіне қазір жол салу технологиясы мүлде басқаша болып барады. Алдымен жерге щебень яғни, қиыршық тас төсеп, одан кейін қатты асфальт төселіп, кейіннен жұмсақ асфальт құйылатын. Қазіргі кезде қиыршық тастардың орнына бірінші қабатқа акатш немесе граверді пайдаланады. Бұл құм араласқан ірі тастар. Ол жұмыстың сапасын төмендетеді. – дейді зейнет жасындағы бригадир Ахан Ордабаев.

Қалай десек те, қыстыгүні төселген асфальт көктемде қайта сүрілмесін дейік...

Мадина МҰРАТБЕКҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТЫЛМАСА СӨЗ ЖЕТІМ

БӘРІНЕ ДЕ БІР САМҒАУ ҚАЖЕТ ЕДІ

НЕМЕСЕ БАЙҚАУ ӘДІЛ ӨТТІ МЕ?

«САМҒАУ» БАЙҚАУЫ. ОСЫМЕН ТӨРТІНШІ ЖЫЛ ӨТТІ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ЖҮЛДЕСІ ҮШІН ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДАҒЫ БАЙҚАУ ҚАЛАМДЫ ҚАРУ ЕТКЕНДЕРДІҢ ЕҢБЕГІН БАҒАЛАП, ІЛТИПАТ КӨРСЕТУДІҢ БІР ЖОЛЫ ДЕСЕК, ҚАТЕЛЕСПЕСПІЗ. ЯҒНИ, «САМҒАУ» СЫЙЛЫҒЫ ЖУРНАЛИСТЕРДІ КӘСІБИ ТҰРҒЫДА ОДАН ӘРІ ІЗДЕНУГЕ, ӨСУГЕ ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ШАРА ДЕП БІЛЕМІЗ.

Байқауда қазылық еткен белгілі журналист Нұртілеу ағамыз: «*Қоғамдық қатынастарды реттеуде білікпен жұмыс жасамаса, журналистика алдыға басатын уақыт емес. Білікпен жұмыс жасай білу – журналистердің парызы болса, биліктің журналистермен жұмыс жасауы – өнер*» депті. Қалай десек те, еңбегін лайықты бағаланып жатқанға не жетсін. Ақындар айтқандай, бәріне де бір самғау қажет-ақ па дейсің.

ДӘСТҮРЛІ түрде өтіп келетін байқау жайында жыл сайын түрлі жайсыз әңгімелерді құлақ шалып жүр. Бұл жолы да байқаудың әділ өтпегенін айтып, өкпесі қара қазандай болғандардың қарасы көп. Орын алмай қалып кейігендердің сөзі былай тұрсын, «осы жолы да сол адамдарға берілетін шығар» деп кей әріптестер байқауға материал тапсыруды қойған. Қандай байқау болмасын адамға қанат бітіреді. Ал енді кей істің баянсызын, байлаусызын көргенде, жауап таба алмай қайран қаласың сол.

Шындығында мақаланы жазуда санадағы алуан ойды екшеуге тура келді. Себеп сан түрлі, ал жауап жалғыз. Қалам тербегендердің талайы басымыз бәлеге қала ма деген ойды қылау етеді. Сондықтан байқаудан көңілі қалғандардың әрқайсысының айтқан сөзін жіпке тізіп жатпай, жалпылама түрде жеткізуді жөн көрдік.

Пікір білдіргендердің басым бөлігі төртінші жыл қатарынан өтіп келетін байқауда жыл сайын жүлдегерлер қатарынан таныла беретіндерге таңданыстарын жасырмады. Мәселен, бір әріптестің (*атын атап, түстемеді – редакция*) осымен төртінші мәрте жүлдегер атанып отырғанын айтты. Мұндайлардың қатары аз еместігін де тілге тиек етті. Байқаудан үміткер журналистердің еңбегі жыл сайын елеусіз күйде қалып, БАҚ саласында осындай көзбояушылықтар орын ала берсе, онда қалам ұстағандардың әділдік жайында әңгіме қозғаудың да қажеті бар ма дейсің?!

БАЙҚАУДА бағы жанғандар өтеді дейміз. Дей тұрғанмен, жыл сайын әртүрлі номинация бойынша жүлдегер атана беретіндер туралы не айтуға болады? Негізінде, «Самғау» ережесіндегі Байқаудың негізгі мақсаты мен міндеттерінде: «*Облыстағы журналистика қоғамдастығында жаңа перспективалы есімдерді анықтау*» деген тұс бар. Ендеше, жылда өтетін байқауда неге осыған ерекше назар аударылып, жаңа есімдер алға шығарылмайды? Бәлкім, жыл сайын орын алатындар жүлдеге ілігетінін алдын ала біле ме, қалай?!

Өткен жылды айтпағанның өзінде, биыл «COVID-19» коронавирустық инфекциямен күресу тақырыбы бойынша мақала өткізіп, жүлдеге іліккен қалған әріптестің сөзінше байқау өткен бірінші жылдың марапаттауында қазылар алқасы мүшесінен бір адам шығып, жүлдеге іліккендердің қай тақырыпты қаузағаны, мақаласы туралы шолу жасағанын айтты. Яғни, жүлдегерлер туралы нақты анықтама беріліп, шолу жасап көрсетілсе, марапат алғандарды сараптап: кімнің не үшін, қалай алғаны жайлы ашық айтылса дейді. Бір ол ғана емес, тілдескендердің талайы номинациялар бойынша жүлдегер атанғандардың есімі белгілі болғанымен, өткізген мақалалар туралы ашық айтылмай, түсініксіздеу болып қалатындығына таң екенін айтып, ішкі наздарын жеткізді.

ҚЫСҚАСЫ байқаудан әділдік іздегендердің қарасы «Самғау» конкурсының ережесіне өзгерістер енгізілу керек дегенді меңзейді. Мәселен, «*Қазылар алқасының құрамына конкурстың ұйымдастырушысы – Алматы облысының ІСБ, қоғамдық журналистік ұйымдарының өкілдері, республикалық және аймақтық БАҚ басшылары, ғылым және қоғам қайраткерлері, байқаудың демеушілері (әріптестері) кіреді*» деген шарттағы қазылар құрамына байқауды ұйымдастырушылар мүлдем кіріктірілмеуі керектігін, мұнымен қоса жүлдегер атанғандар екі жыл қатарынан байқауға қатыспайды деген тұс та енгізілсе, бұдан өзге аты дардай конкурсқа бір ғана мақала беріп қана қатысудың да реті дұрыс еместігін айтты. Неге десеңіз, жалғыз мақаламен журналистің тұтас шығармашылығын бағалау, бағамдау мүмкін емес.

Байқау жайында жұмбақтамай-ақ, ашық түрде жазба қалдырған «Хабар», 24 арналарының Алматы облысы бойынша меншікті тілшісі Ардақ Айбарұлы ФБ парақшасындағы жариялынымда былай депті: «*Өз басым Жер жәннаты – Жетісу өңіріндегі БАҚ өкілдері қатысатын бұл шараның ың-шыңсыз, айқай-шусыз өткенін көрген емеспін. «Екі иттің достығы – ортаға сүйек тасталғанша» деп белгілі айтыскер ақын Оразалы Досбосынов айтқандай, байқау аяқтала салысымен кей әріптес ит құсап бір-бірімен ырылдаса бастайды. Оны бірі көре алмаушылыққа, іштарлыққа, енді бірі мәдениетсіздікке балайды. «Маған десең бірің өліп, бірің қал!», «Ішің күйсе тұз жала!» деп қойып, бейтарап позиция ұстанып, сырттан бақылап қана отыра беретіндері де аз емес енді...*

Үш жыл қатарынан «Самғаудың» жүлдесін алған бір жігітті білемін. Төртінші жылы да сахнаға шығып, Амандық Баталов ағамыздың қолынан сертификат алып тұрса таңқалмаймын. Сондай кездерде әлгі «жүлдегерлердің» кәуек басына «артымыздан еріп келе жатқан жастарға, іні-қарындастарымызға жол берейік» деген ой келе ме екен өзі деп қайран қаламын. Сол жігіт өткен жылы үшінші рет жүлдегер атанғанда менің артымда отырған жас журналистердің «Осы-ақ жалмаңдап, қайта-қайта шыға береді екен. Ар, ұят, ынсап, қанағат деген бар ма өзінде?!» деп кейігенін өз құлағыммен естігенмін.

Өткенде кеңседен сыртқа шықсам, екі шал есік алдында темекі шегіп тұрды. Аз-кем сөйлесіп едім, екеуі де «Самғаудың» жүлдесінен дәмелі екенін аңғартты. Іштей «Бүйткен түрлеріңе болайын!», – деп, теріс айналып кеттім. Өйткені сол екі ағамыз да мұның алдындағы байқауларда жүлдегер атанған еді. Шалдардың түйсігінде «жастарға жол берейік» деген ой болмаған соң басқасына не деп бағасың?! Айттың не, айтпадың не, бәрібір. Сөзің зая кеткенмен бірдей».

БҰЛ жазбаға орай журналистің өзімен хабарласып, пікірін білгенбіз.

«*Мұны жазбастан бұрын облыс әкімінің орынбасары Рустам Әлиге хабарласып, ішімдегіні айттым. Бұл байқау әділ өтіп жатыр деп ойлайсыз ба, өзіңіз деп... Сонсын парақшамда ойымды білдіріп, жазатынымды да ескерттім. Ол жазсаңыз жазыңыз, бірақ бәрі объективті болсын деді. Жазбада әріптестердің атын атап, түстемедім, себебі бәріміз де бір қазаннан ас ішіп жүрген жандармыз. Бірақ, төрт жыл қатарынан жүлде алу деген сұмдық қой енді? Бір жылы жүлдегер болды, енді жыл сайын әр номинация бойынша қатысудың қажеті бар ма, өзгелерге, жастарға да жол беру керек шығар*» деген әріптесіміз де байқау ережесіндегі шарттарға өзгеріс енсе деген ниетін жасырмады. «*Яғни, бір рет жүлдегер болған адам келесі байқауға қатыстырылмаса, ішкі саясат басқармасы ұйымдастырып отырған соң басқарманың адамдары қазылар алқасы құрамына кіріктірілмесе. Себебі, бұра тартушылық деген осындай жағдайда туындайды. Сонымен қатар әділқазы деген сөз қазылар алқасы деп қана қолданылса...негізінде көп жағдайда әділдіктің үстемдік құра алмай қалатыны өкінішті*» дейді ол.

ОСЫ орайда байқауды ұйымдастырушы ішкі саясат басқармасына барып, осы мәселеге қатысты ақпараттық саясат және бұқаралық ақпарат құралдарын мониторнингілеу бөлімінің басшысы Салтанат Нұрахметовамен жолығып, көкейдегі сауалымызды қойдық.

Салтанат Орынбекқызының айтуынша, байқау шартындағы қазылар алқасының құрамына ұйымдастырушы ІСБ кіреді деген сөз катысуы мүмкін дегенді білдіреді. Алайда, төртінші жыл қатарынан өтіп келетін байқауда қазылар алқасы құрамына басқармадан бірде-бір адам кіріктірілмепті. Ал енді байқауда төрт жыл қатарынан жүлдегер болып жатқандар жайындағы сауалға: «*Жарайды, ала берсін. Ережеде жүлдегер атанған адам келер жылы қатыстырылмасын деген жоқ. Сондықтан, сіз биыл бірінші орын алсаңыз, келесі жылы басқа мақалаңызбен байқауға қатыса бересіз*» деген қысқа жауап алдық.

Әңгіме желісінде Салтанат Орынбекқызынан көптің көкейінде жүрген қазылар алқасының жүлдегер ретіндегі берген орындары байқау кезінде өзгеріске ұшырап жататыны рас па деген сауал қойған едік.

«*Мұны кім айтып жүргенін білмедім. Байқау деген жеңіс пен жеңілістен тұрады. Мәселен, осы жолы өтпей қалған адамдар басшыларға телефон шалып, неге өтпей қалғандарын айтып, ішкі наздарын жеткізген. Бізде қазылар алқасы тәуелсіз БАҚ-тың адамдарынан тұрады. Олардың берген бағасы ешқашан да өзгертілген емес. Сондықтан, жүлдегер болып немесе болмай қалған жағдайда берілген орындар өзгеріске ұшырайды деген бос сөз. Егер сізді бұл қанағаттандырмаса, ол сіздің жеке шаруаңыз. Ал, орынсыз біреуге кінә артып, мін тағудың қажеті жоқ*» деген бөлім басшысы жыл сайынғы байқауда қазылық еткендер марапаттауға шақырылатынын да тілге тиек етті.

Сонымен қатар ол ережеде өзгертуге яки мынадай шарт енгізілсе деген журналистер тарапынан ұсыныстар болып жатса, оны қарастыруға болатынын, яғни, қатып қалған қағида жоқтығын қадап айтты.

МАҚАЛАНЫ жазуда «Самғау» байқауына қазылық еткен адамдармен де хабарласып, ойларын білдік. Солардың бірі «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары Ғабит МҮСІРЕП былай дейді:

–*Әдетте журналистер қауымы көп жағдайда әлеуметтік жеңілдіктен, мемлекеттік марапаттан құр қалып жататыны бар. Бұл жағынан алғанда жетісулық журналистердің жарылқаушысы бар екен. Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен биыл төртінші мәрте «Самғау» байқауы өткізіліп, жетісулық үздік журналистерді марапаттады.*

Биыл осы байқауға қатысушылардың еңбектерін саралап, қазылық жасауға орай ұсыныс түскен еді. Маған басқалармен бірге «Үздік журналист» аталымына қазылық ету бұйырған екен. Аталған номинацияға барлығы 29 журналист қатысуға тілек білдіріпті. Әрине, байқауға ұсынылған жалғыз мақала журналистің тұтас шығармашылығының барометрі болмайтыны белгілі. Баға байқауға ұсынылған мақалға берілетіні сөзсіз. Сондықтан байқауға қатысушы журналистердің мақалаларын мейлінше ыждағатпен қарап, оның мазмұнына, үміткердің білім-білігіне, стиліне қарай өз бағамды берген болатынмын. Аталымдар арасында ауыс-түйіс болғанымен, өзім шығармашылығын жоғары бағалаған журналистердің жүлдегерлер қатарынан көрінгені көңілге қуаныш ұялатты. «Казахстанская правда» газетінің меншікті тілшісі Әсет Қалымов, «Огни Алатау» газетінің журналистері Хасан Еспанов пен Ирина Карякина еңбегінің лайықты бағалануы осыны көрсетсе керек. Осы тұрғыдан алғанда қазылар алқасы мүшелерінің шешімі бір жерден шыққаны байқалады.

СӘЙЛЕЙ білу бір басқа да, айта алудың жөні бөлек екенін білеміз. Байқау жайындағы мақаланы жазуда біз көпке ортақ ойды, пікірді айтуға тырыстық. Айтылмаса сөз жетім деген емес пе?!

Сарби ӘЙТЕНОВА

Дүйсенбі - Понедельник, 28 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.00 Әнұран
06.05Д/ф «Тұлға»
06.30«Masele»
07.10 М/х «Ырысты ыдыстар»
08.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Келін әні»
11.00,19.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00шоу«Білім бәйгесі»
13.00,02.15 «Теледәрігер »
14.00 «Apta»
15.00,21.30 Т/х «Менің мектебім»
16.00 «Атамекен»
16.30 ,00.20 Д/ф «Тәуелсіздік тарландары»
17.00, 20.00, 01.30 AQPARAT
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.30 Т/х «Казбат»
01.25 «Ashyq alan»
03.05«Атамекен»

ХАБАР

06.00,02.00 Әнұран
06.00 «Қыз жолы»
07.30 М/с «Малышарики»
09.15,17.00 «Qalamaimyn»
10.20Т/с «Қарлығаш ұя салғанда-2»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30,21.45Проект.«За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.10 Т/с «Фамильные ценности»
14.00 «Дети сестер»
15.00 «Бүгін» Тікелей эфир
16.00,23.15 Т/х«Бәсеке -2»
18.00 Т/х«Каникулы Off-line»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль».
21.00 Итоги дня
22.15 Ток-шоу «Хабарлас»
00.00 Д/ф «Хабар 5.0»
01.00 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»концерттік
06.30«Күлдірген»
07.00 ,17.00«Үздік әзілдер»
08.00,14.15М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30,23.10 Т/х «Ұлы әмірші куаң Ге То»
14.00 «Қайта түлеу-2020»
14.45 ,03.55 «Сын моего отца»
16.50,05.00 «Келіедер»
18.00 Т/Х «Ұрланған тағдыр»
20.00,02.00 ASTANA TIMES
00.40 Т/с «Қош келдіңіз»
02.10 «Барышня-крестьянка»
02.50 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.35 «KazNet»
04.40 «Отбасы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Когда зовет сердце»
07.00 «Той заказ»
07.30 «BastyBagdarlama»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Qoslike»
15.40«На самом деле»
16.40«Пусть говорят»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45,02.15 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.50 «Невский»
22.00 «П@УТІNA»
23.00 «Невский»продолжение
01.35«П@УТІNA»
03.20«Той заказ»
03.45«П@УТІNA»

КТК

07.00 Әнұран
07.05«КТК» қоржынынан»
07.30«Мәссаған»KZ0
7.50 Т/х «Саодат»
09.10 «Мерекелік концерт»
10.00«Иная реальность»
10.40«Самый лучший муж»
12.45«Зорко лишь сердце»
17.00 «Жанған үміт»
18.00 Т/х «Кектен туған махаббат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40«Елка на миллион»
01.00 «Самый лучший муж»повтор
02.55Т/х «Кектен туған махаббат»
04.00-05.00Т/х «Қара теңіз»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Дәрігеркеңесі» /тікелей эфир/
20.00 «Ковидшолу»
20.10 «Ковид обзор»
20.15 «Абай-175»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 Д/ф «Кеңауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анамжайлы» (65-серия)
22.35 «Онлайн сұхбат»
23.15 Новости
23.40 Жаңалықтар
00.10 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 «Неге?»
07.10 «Ризамын»
07.10,03.10 Алдараспан, Нысана,Шаншарәзілдері
08.00 концерт«Ақ тілек»
10.00«What'sup?»
10.40 кино «План Б»
13.20 Х/ф «Риддик»
16.20 Х/ф «Робин гуд:принц воров»
20.00 Информбюро
21.00Х/ф«Добро пожаловать в рай»
23.05 концерт «Әндер мен жылдар»
01.40 «Женский квартал»
04.00 «Ризамын»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00«Гу ГУ Гәп»
07.10Т/х «Әкесінің баласы»
07.40, 13.30 Т/х «Элиф»
08.40 Т/с «Я тебя никому не отдам»
13.30,20.30«Ерке мұң»
14.30Т/х «Азулы әулет»
15.30 «KZландия.Перезагрузка»
16.10,23.50Т/с «Папаньки»
18.00,19.30 Т/с «Новиков и КО»
19.00 Спецпоект «Самое время»
21.30,04.30«Зың-зың Күлпәш»
22.30Т/х «Жалдамалы қалындық»
00.20 Х/ф «Отель Мумбаи: Противостояние »
02.40 скетчком «Q-елі»
03.30 «Айна-online»
04.00 Т/с «Сен жалғыз емессің»
05.10 «Жеңіп көр»

Открылось наследство после смерти гр. Касымбаева Рыстибала Темиргалиевна, умершей 28 декабря 2019 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, в срок со дня выхода объявления в течении месяца.

Сейсенбі - Вторник 29 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ұлы дала ұлағаты»
06.30, 17.00, 20.00, 00.00 AQPARAT
07.05 «Ырысты ыдыстар» М/ф
08.00 «Таңшолпан»
10.00, 18.00 «Келін Әні»
11.00, 19.00 «Біздің әпке»
12.00 «Білім бәйгесі»
13.00, 03.15 «Теледәрігер»
14.00 «Көңіл толқыны»
15.00, 21.30 Т/х «Менің мектебім»
16.00 «Ғажайып өлке»
16.30, 04.05 Д/ф «Тәуелсіздік тарландары»
17.15 «Қызық екен...»
20.30, 02.25 «Ashyq alan»
01.00 «Жарқын жүздесу»

ХАБАР

06.00 «Қыз жолы-2»
07.30 М/с «Малышарики»
09.15, 17.00 Тұсаукесер «Qalamaimyn»
10.15 Кино «Каникулы оффлайн»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30, 21.45 Проект «Бросить вызов судьбе»
13.10 Т/с «Фамильное ценности»
14.00 Т/с «Дети сестер»
15.00 «Бүгін» Тікелей эфир
16.00, 23.30 Т/х «Бәсеке-2»
18.15 Кино «Ең сұлу/16 қыз-2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Народный контроль
21.00 Итоги дня
22.15 Т/х «Теміртас»
00.00 Д/ф «Хабар 5.0»
01.00 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 16.00 «Үздік әзілдер»
08.00, 14.20 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
14.00 «Алғы шеп»
14.45, 03.55 Сериал «сын моего отца»
16.00, 05.00 Т/х«Келіндер»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36
00.40 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Барышня-крестьянка»
02.50 «Біреудің есебінен»
03.35 «KazNet»
04.40 «Отбасы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Когда зовет сердце»
06.45, 03.15 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «Qoslike»
15.40 «На самом деле»
16.40 «Пусть говорят»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 Пендеміз ғой
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.50, 23.00 Т/с «Невский»
22.00, 03.40 «П@УТІNA»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Саодат»
08.50 Новости
09.30, 01.20 «Самый лучший муж»
10.00 «Обратный отсчет»
12.20 «Елка на миллион»
17.00 «ЖАНҒАН ҮМІТ»
18.10, 02.50 Т/х «Кектен туған махаббат»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Когда папа Дед Мороз»
04.00-05.00 «ҚАРА ТЕҢІЗ»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Ковидшолу»
20.10 «Ковид обзор»
20.15 «Абай-175»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анамжайлы» (66-серия)
22.35 «Онлайн сұхбат»
23.15 Новости
23.40 Жаңалықтар
00.10 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Информбюро
06.45 «Әндер мен жылдар»
08.55 «Класстастар»
11.00 «Добро пожаловать в рай»
13.20 Х/ф «Робин гуд: принц воров»
17.10 Х/ф «Хеллбой: герой из пекла»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Подстава»
01.50 «Женский квартал»
03.20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 Ризамын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Гу гу гәп»
07.00 Т/х «Әкесінің баласы»
07.30, 02.20, 03.30 «Айна-online»
08.00,13.30 Т/с «Элиф»
09.00 «Юмор! Юмор! Юмор!»
10.25 «Юморина»
12.30, 20.30 «Ерке мұң»
15.30 «Кзландия. Перезагрузка»
16.10, 23.50 Т/с «Папаньки»
18.00, 19.30 Сериал «Никонов и Ко»
19.00 «Самое время»
21.30, 04.30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.30 «Жалдамалы қалындық»
00.20 Х/ф «Человек ноября»
02.40 Скетчом «Q-елі»
05.10 «Жеңіп көр»

Открылось наследство после смерти гр. Калиева Рустема Жанакаевича, умершего 30 октября 2020 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, в срок до 30 апреля 2021 года.

Сәрсенбі - Среда, 30 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Тұлға» Деректі фильм
06.30, 17.00, 20.00 AQPARAT
07.05 «Алпамыс». м/х
08.00 «Tansholpan» Тікелей эфир
10.00, 18.00 «Келін әні»
11.00, 19.00 Т/х «БІЗДІҢ ӘПКЕ»
12.00 «Білім бәйгесі». Интелектуалды шоу бағдарлама
13.00, 02.30 «Konil tolqyny»
14.00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу
15.00, 21.30 Т/х «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ».
16.00 «Ғажайып өлке»
16.25 «ТӘУЕСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ» д/ф
17.15 «Қызық екен»
20.40 «Абайдың алғашқы кітабы» д/ф
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.30 «Konildi tapqyrlar alany».
00.50 «Қымбат жандар»
03.30 «ТӘУЕСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ» д/ф

ХАБАР

06.00 «ҚЫЗ ЖОЛЫ-2»
07.30 М/с «Малышарики»
09.15, 17.00 «Qalamaimyn»
10.15 Т/х «ЖЖЖ КОРПОРАТИВ»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30, 21.45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.10 Т/с «Фамильные ценности»
14.00 Т/с «Дети сестер»
15.00 Тұсаукесер! «Бүгін». Тікелей эфир
16.00, 23.15 Т/х «Бәсеке-2»
18.15 Дебаты. «Выборы 2021». Прямой эфир
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль».
21.00 Итоги дня
22.15 Т/х «ТЕМІРТАС»
00.00 Жаңа жылдық топтама

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30 «Күлдірген» әзілсықақ
07.00, 17.10 «Үздік әзілдер»
08.00, 14.20 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
14.00 «Жылдың елеулі оқиғалары» деректі фильм
14.15 Д/ф «Тәуелсіздік дәуірі» д/ф
14.45, 03.55 Т/с «Сын моего отца»
16.00, 05.00 «Келіндер»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,02.00 ASTANA TIMES
20.55 LOTO 6/49
00.40 «Қош келдіңіз»
02.00 Браышня-крестьянка
02.50 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.35 «KazNet» ғаламторға шолу
04.40 «Отбасы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Когда зовет сердце»
06.45 «Той заказ» бағдарлама
07.10 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12.00 «Qoslike» Тікелей эфир
15.30 Шоу Максима Галкина «ЛУЧШЕ ВСЕХ»
16.35 «Особенности национальной охоты в зимний период». Народная комедия
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.50 «ПОЛЕ ЧУДЕС». НОВОГОДНИЙ ВЫПУСК
22.05 Премьера. «НОВОГОДНЕЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ» С МАКСИМОМ ГАЛКИНЫМ
23.00 «П@УТІNA» бағдарламасы
01.30 «ВЕЧЕРНИЙ УРГАНТ»
02.35 «П@УТІNA» бағдарламасы
03.20 «Пендеміз ғой» бағдарламасы

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Саодат» Т/х
08.50 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
09.30 «САМЫЙ ЛУЧШИЙ МУЖ», мелодрама
12.30 «КОГДА ПАПА ДЕД МОРОЗ», лирическая мелодрама
17.00 «ЖАНҒАН ҮМІТ», телехикая.
18.00 Т/х «Кектен туған махаббат»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «НОВОГОДНИЙ ЭКСПРЕСС», мелодрама
01.20 «САМЫЙ ЛУЧШИЙ МУЖ», мелодрама

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Ковидшолу»
20.10 «Ковид обзор»
20.15 «Жұмыспен қамтужолкартасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Әсемәуен»
22.35 «Онлайн сұхбат»
23.15 Новости
23.40 Жаңалықтар
00.10 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Информбюро (повтор)
06.45 Концерт «Әндер мен жылдар»
08.50 Асель Садвакасова в комедии «КЛАССТАСТАР» (каз.)(повтор)
10.50 КИНО. «АПАЛ-ҮПӨЛ» (Киргизия)(каз.)
13.00 Х/ф «ПОДСТАВА»
15.00 Х/ф «ХЕЛЛБОИ: ГЕРОЙ ИЗ ПЕКЛА»
18.00 Х/ф «АКТ МЕСТИ»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «ИРОНИЯ СУДЬБЫ, ИЛИ С ЛЕГКИМ ПАРОМ!»
01.25 «Женский квартал»
03.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (каз.)
04.00 Ризамын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Гу гу гәп»
07.00 Т/х «Әкесінің баласы»
07.30, 03.30 «Айна-online»
08.00, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 «Юморина»
12.30, 20.30 Т/х «ЕРКЕ МҰҢ»
14.30 Т/х «Азулы әулет»
15.30 Шоу «Маска»
18.00 Т/с «НИКОНОВ И КО»
19.00 Спецпроект «Самое время»
19.30 «Дизель-шоу»
21.30, 04.30 Т/х «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ»
22.30 Т/с «Жалдамалы қалындық»
23.30 Т/с «ПАПАНЬКИ»
00.20 Х/ф «ЕЛКИ-5»
02.00 «KZландия. Новый Год»
02.40 Скетчком «Q-елі»
04.00 Т/х «СЕН ЖАЛҒЫЗ ЕМЕССІҢ»
05.10 «Тамаша 7 км»

Открылось наследство после смерти гр.Ким Георгия Алексеевича, умершего 11 декабря 2020 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, в срок до 11.06.2021 года

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

АЙГҮЛ АПАНЫҢ ӘЛЕМІ

Дана халқымыз «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» деп әр адамның өмірінде айрықша орны бар ұстаздар қауымына ілтипат білдіріп, ерекше әспеттеген. Әр бүлдіршінді білім әлеміне баулып, ғылым көкжиегін кеңейтетін ұлағатты ұстаз еңбегі ерен екені даусыз. Тұла бойындағы сарқылмас байлығын шәкірттеріне үйретуден жалықпайтын сондай ізгі жанның бірі – Айгүл ҚОРҒАНБАЕВА.

Алты белестен асып, жетпіске аяқ басқан ардақты ұстаздың өмір жолына зер салсақ, ұрпақ алдында адал қызмет еткен ұлағатты жанның өнегелі ісін аңғарамыз.

АҚСУ ауданына қарасты Жансүгір кентіндегі ұстаздар отбасында дүниеге келген кейіпкеріміздің асқар тау әкесі Қорғанбаев Бейсебек Мұқанұлы талай жыл Ақсу ауданының білім саласында қызмет атқарыпты. Білім көкжиегінде еңсесін тіктеген әкенің тәрбиесін алған Айгүл апамыз да бала шағынан алғыр әрі зерделі қыз болып бойжетеді. Онжылдықты тәмамдаған соң Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтының математика факультетіне оқуға түсіп, білім алады. Еңбек жолын 1971 жылы Жансүгір кентіндегі Чапай мектебінде мұғалімдік қызметтен бастайды. Ел алдында ерекше көзге түскен қағылез әрі өз ісіне барын салатын еңбекқор жасты аудан комсомолына жұмысқа шақырып, 1972-1975 жылдар аралығында сонда қызмет атқарады. Ал, 1975 жылы өмірлік жары Андабаев Ахметсапа Ахметқалиұлына тұрмысқа шығып, Ақсу ауылындағы Ы.Алтынсарин, қазіргі Мамания мектебіне бірі математика пәнінің, бірі тарих пәнінің мұғалімі ретінде жолдама алады. Аталмыш мектепте Құдай қосқан қосағымен ширек ғасырдан астам табан аудармай, жемісті еңбек етеді. Осы мерзімде ол өзін білікті де білгір маман ретінде танытып, ұжымының арасында сый-құрметке де бөленіпті. Алдына келген әр балаға тек сапалы білім, саналы тәрбие беруді өмірлік қағидасына балайтын ұстаз ешқашан мақтау мен марапат үшін жұмыс жасамағанын айтады.

– Отыз жылдай уақытымды білім беру саласына, соның ішінде бала оқытуға арнадым. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, алдымнан өткен әр шәкіртті мөлдір бұлаққа теңедім. Олардың санасына сәл де болса білім нәрін құюға бар күшімді жұмсап, ынтажігерімді салдым. Әр оқушыға сапалы білім мен саналы тәрбие беруді ұстаздық борышым деп санадым. Өзгелер секілді марапат үшін қызмет жасамадым. Мен үшін ғылым мен білімге баулыған шәкірттерімнің жеткен жетістігінен асқан марапат жоқ,– дейді ардагер ұстаз.

САНАЛЫ ғұ-мырын өскелең ұрпақтың оқу-тәрбие ісіне арнап, бар білгенін оқушы бойына дарытуды мақсат тұтқан, өз мамандығының білгірі тек шәкірттеріне ғана емес, отбасындағы аналық міндетіне де ерекше көңіл бөлді. Содан болар, бес баланың екеуі бүгінде мемлекеттік қызметте жұмыс атқарса, одан кейінгілері білім саласының тереңіне бойлап, ата-анасының жолын қуыпты. Шәкірт тәрбиелеуде ерінбей еңбек еткен ерлі-зайыпты ұстаздардың ізгі ісін қыздары жалғауда екен.

– Ұстаздар отбасында өскен үш қыздың бірі тарих, бірі орыс тілі және тағы бірі қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеміз. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, әкеміз бен анамызға қарап өсіп, солардың салған сара жолымен біз де балаларға білім, тәрбие берсек деген ниетпен осы мамандықты таңдадық. Тек қана әке-шешеміз емес, атамыз бен нағашы жұртымыздың барлығы білім саласында қызмет атқарғандықтан, бұл біздің де қанымызға дарымауы мүмкін емес еді,– дейді «Айналайын» балалар үйі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқаратын қызы Жазира Андабаева.

Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі. Оның лаулаған жалыны әр жүрекке нұр құятын, көңілге жылулық ұялататын өмірдің қайнар көзі іспеттес. Талай шәкіртке ғылымда бағдар көрсетіп, жол сілтеген, біліммен сусындатып, көкірек көзін ашып, қанатын қатайтқан ұстаз есімі әр баланың санасында мәңгі сақталары сөзсіз.

ОТЫЗ жылдан астам уақыт бала оқытуға арнаған аяулы ана бүгінде Құдай берген он немереге ақылшы әже болып отырған жайы бар. Ұзақ жылдар еткен еңбегінің жемісін көрген ол күні кеше «Ана жүрегі» медалімен марапатталып, Талдықорған қаласы әкімдігінің құттықтау хатына ие болды. Ендеше, ұстаздық борышын адал атқарып, өмірін ұстаздықпен өрнектеген Айгүл Қорғанбаеваға мерейлі жасыңыз мерейіңізді асырып, аман жүргейсіз дейміз.

Лина АЙДЫНҚЫЗЫ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ШӘКІРТТЕРІМЕН ШҰҒЫЛАЛЫ

Маржан ДОЛДАЕВА, 28 мектеп-гимназиясының математика пәнінің ұстазы: – «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет» деп бабаларымыз айтқандай, менің мұғалімдікті жүрек қалауымен таңдауымның себебі ұстазым Айгүл Бейсебекқызының математика пәніне деген қызығушылық пен құштарлықты арттыра білгендіктен деп білемін. Ол кісінің сабақ беруі, оқушыларды баурап алуы мен қиын да қилы есептерді оқушыларға меңгерту шеберлігі болар, осы мамандықты таңдауыма себеп болды. Ендеше, шәкірт ретінде Айгүл апайға айтар алғысым шексіз.

* * *

Әсия ҚАЛИЕВА, Б.Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінің мұғалімі: – Айгүл Бейсебекқызы математика пәнінің мұғалімі әрі сынып жетекшіміз еді. Әр оқушының пәнді жақсы біліп, меңгеруі сол пәнді оқытатын ұстазына тікелей байланысты. Сондықтан ұстазымыздың арқасында менің математикаға деген қызығушылығым оянып, ерекше ықыласпен сүйіп оқитын едім. Ол кісі бойындағы сабырлылығы, білімі және нағыз мұғалімге тән дауыс ырғағымен баршамызды өзіне баурап алатын. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші, бүгінде өзім де балаларға тәлім-тәрбие беріп, ұстаздық қызмет атқарудамын. Айгүл апайдың алдында біз мәңгілік бала болып қала береміз. Осындай мұғалімімізі болғанына мен мақтанамын.

* * *

Толқын ӘБІЛМӘЖІНОВА, Мамания орта мектебінің 1985 жылғы түлегі: – «Мұғалім – маңызды және асыл мамандық» деген сөзді мен бала кезімде әкемнен жиі еститінмін. Мектептегі әр ұстаз менің есімде мейірімділігімен, әсіресе балаларға деген жақсылығымен, олардың мәселелеріне шынайы көзқараспен қарайтын жан ретінде қалды. Айгүл Бейсебекқызы да сондай құрметті және сүйікті ұстаздар қатарында. Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі – терең білім болса, екіншісі – үлкен жүрек. Осындай қасиетті өз бойына дарыта білген және өз өмірін осы салаға арнаған ұстазыма ерекше рахметімді айтамын.

Ұстаз-ана

Жанашырың ойлайтын ана бәрін,
Жеткізуді ел қатарлы балаларын.
Өзі ішіп, кимесе де ең алдымен,
Алып берер ұл-қызының
қалағанын.

Айгүл анам дәл сондай
аналардан,
Құрмет көрген ақсақал,
ағалардан.
Сыйлы болған жасынан
ел-жұртына,
Туған туыс еңбегін бағалаған.

Адал жары Ахметсапа ағамыздың,
Ағамыз – ұстазымыз дара біздің.
Екеуі 75-жылдары басын қосты,
Батасымен Бейсебек
ата-анамыздың.

Меруерттей тұңғышы келді
өмірге,
Қуаныштан шалқып, тасып
көңіл де.
Шілдехана тойы өтті дүркіреп,
Атап өтіп ауыл-аймақ, өңірге.

Келер жылы тағы өсті қатары,
Өседі екен жанұялар баталы.
Ұл келді деп ұлан-асыр той жасап,
Ұлдың атын Ерлан батыр атады.

Жазира келді ағасының соңынан,
Айы туды Ахметсапа әулетінің
оңынан.
Одан кейін Мейіржан, Айнұр
ілесті,
Жетектейтін ізбасалар қолынан.

Екі ұл, үш қыз берді Алла тәңірім,
Ата-ананың алды, шүкір, тәлімін.
Ұлды ұяға, қызды қияға қондырып,
Отбасылы, жанұясы бар, тәуба,
бәрінің.

Дәріптеймін Ахметсапа ағаны
мен,
Өсіп-өнді еңбегі талабымен.
Амал қанша жаратқанның
жазуына,
Өмірден озды Алланың
қалауымен.

Түтінін өшірмей-ақ анамыз жағып
жатыр,
Туыс-туған ақ батасын алып
жатыр.
«Әке көрген оқ жонар» дейді
емес пе,
Мейіржан ұлы бүгінде бағып
жатыр.

Бұл күнде әулеті өсіп, өніп отыр,
Жаратқан берекетін төгіп отыр.
Екі қыз, екі ұлынан, шүкір, тәуба,
Он немере бұйырса көріп отыр.

Жетпісіңіз құтты болсын, жан ана!
Сіздей жақын жан болмайды
балаңа.
Арамызда аман-есен жүріңіз,
Мың жасауды нәсіп етсін Алла
тағала.

Қабыл болсын сізге айтар
тілегіміз,
Отбасыңыздың амандығы
тілеріміз.
«Ана жүрегі» медаліңіз құтты
болсын,
Үнемі елжіресін аналық жүрегіңіз!

Ашылсын, Айгүл ана,
бақтарыңыз,
Жетпіс жас қуанатын шақтарыңыз.
Еңбегіңіз жасаған ақталғаны,
«Ана жүрегі» медалін таққаныңыз.

Бір Алладан жақсылық
сұрайық біз,
Қуанышыңызға басымызды
құрайық біз.
Айгүл ана, шынында Алла куә,
«Ана жүрегі» марапатына
лайықсыз!

Ербол ОРАЗБЕКОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨТКЕН КҮННЕН БІР БЕЛГІ

Сауда саласының Сардары

ЖЕР ЖӘННАТЫ ЖЕТІСУДЫҢ КӨПСАЛАЛЫ ҰЙЫМДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ БІРІ – ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСТЫҚ ТҰТЫНУ ҚОҒАМДАР ОДАҒЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫН (ОБЛПОТРЕБСОЮЗ) 16 ЖЫЛ БАСҚАРҒАН «ҚАЗАҚ ССР САУДА САЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ», «ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ», «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНДЕРІНІҢ БІРНЕШЕ МЕДАЛДАРДЫҢ ИЕГЕРІ, ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ - БЕЙСЕН РАЗБЕКҰЛЫ ИСКАКОВ ТУРАЛЫ СӨЗ БОЛМАҚ.

Бейсен Разбекұлы Искаков

Қазақстанның әр өңірін ілгері бастыруға өз өмірін арнаған асыл азаматтар аз емес, солардың бірі Талдықорған облысының әлеуметтік экономикасын көтеруге оның ішінде сауда саласына атсалысқан көп жылдары облыс тұтыну кооперациясының басқарма төрағасы болып, адал, әділ қызмет атқарған нар тұлғалы Бейсен ағаның биыл қайтыс болғанына 30 жыл толып отыр.

Бейсен аға қатардағы қарапайым қаржы тұтыну кооперациясының қызметкерінен биік дәрежелі облыс мекемелерінің бірінші белді-беделді басшы қызметіне дейін еңбек жолынан өтіп шыңдалған тұлға.

Асыл ағаның өмір дерегіне тура келбетіне зер салсақ ол орта бойлы, шашы бұйралау, аққұбаша жылы жүзді, өте салмақты, көп сөйлемейтін, ұқыпты, таза жүретін, мінезі өткір қаталдау адам еді.

Ол 1928 жылы 1 мамыр күні қазіргі Ескелді би ауданы Елтай ауылында колхозшы отбасында дүниеге келген.

Ол өмірдің ащысында тұзщысында көрген адам. 5 және 10 жасына дейін анасы мен әкесінен айырылып жамағат әпкелерінің қолында тәрбиеленген, мінезі қаталдау болғандығы сондықтан да деп ойлаймын.

Халқымызда нақыл сөз бар, «Атаның ұлы болма, халықтың құлы бол» деген. Қолынан келгенше, әркім-ақ, өз деңгейінде, өз ақыл-парасатына, білімі мен жұмысына байланысты еліне, жұртына қызмет етеді.

Нәресте ана құрсағынан шыр етіп жерге түскенге дейін екі жұдырығын жұмып жатады. Ана құрсағынан жарық дүниеге келгенде, оның қолы жазылып, алақаны ашылады. Бұл дүниеге келген соң, пенде өз ризығын еңбек арқылы екі қолымен алақанына салып, Алланың бұйыртқан дәм-тұзын татып, тіршілік ете бастайды. «Тіршілік» деген тіліміздегі жұпыны ғана, қарапайым ұғым адам өмірінің негізі, азды-көпті ғұмырының бірде қайнап көпіріп, бірде солып, тартылатын өмір шеңбері, отбасындағы «қара қазан, сары баланың» мәні мен маңызы, тұрмыс кілті.

Тіршілік әр адамда әр түрлі қалыптасады. Оның себебі өскен ортаға, ата-дәстүріне, жеке басына қабілетіне, біліміне, адамгершілігіне, адалдық, әділдік, қараулығына, елге сыйласымдылығына және көпшілдігіне байланысты. Осы қасиеттермен қатар адам баласында «ар-ұят» деген қасиет осы тіршілік тұтқаларының тірегі.

Сондықтан да халқымыз: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп бекерге айтпаған.

Осы қағиданы аға өмір бойы ұстаған сияқты.

Бейсен ағамыздың шоқтығы биік абыройы асқақ беделді азаматтығы еңселі екендігі айқын көрініп тұратын. Енді өмір дерегіне көз жүгіртейік,

16 жасынан Бейсен Разбекұлы Киров (Көксу) ауданының қаржы бөлімінің инспекторы болып қызмет атқарған.

1948-1952 жылдары Кеңестер армия қатарында өзінің азаматтық борышын атқарған.

1952-1953 жылдары өзі әскерге дейін жұмыс жасаған қаржы бөлімінде ревизор есепші болып қызмет атқарған.

1953-1955 жылдары Гвардия ауданында рабкооптың төрағасы болып сайланған.

1955 жылдан Октябрь аудандық депутаттарының атқару комитетінің жауапты хатшысы.

1960-1962 жылы Жаркент қалалық депутаттар атқару комитетінің төрағасы.

1962-1968 жылға дейін Панфилов аудандық тұтыну кооперациясының төрағасының орынбасары, одан кейін төрағасы болып сайланған.

1968 жылы қайта құрылған Талдықорған облысының облпотребсоюздың төрағасы болып сайланған.

Бейсен ағаның соңғы 26 жылы сауда саласының жүйесіне жаны да, жүрегі де, тірегі де болғанын айтпақпыз.

Ардақты ағамыз бар өмірін облыстық сауда саласының өркендеуіне, көркейтуіне дамуына көп тер төгіп еңбек еткен азаматтардың бірі.

Ол татар қызы Фатимаға үйленіп Талғат, Бауыржан, Рафхат үш ұл өмірге келіп, қазір үшеуі де өмірден өткен, үрім бұтақтары бар. Тек баласының ортаншысы Бауыржан мамандығы инженер құрылысшы 20 жылдан аса Алматы қаласының ТЖМ департаментінің бастығы болып қызмет атқарған, шені полковник.

Алматы облысының мәдениет архивтер және құжаттар басқармасы мемлекеттік мекемесінің, Талдықорған мемелекеттік архиві коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сақталған мәлімет бойынша Бейсен Разбекұлы Исқақов 1968 жылы 14 тамызда өткен Талдықорған облыстық партия комитетінің бюросының бір хаттамасында былай деп жазылған екен: «... 24. О т. Искакова Б.Р (Смольков) Принят предложение Каз- потрепсоюза об утверждение Искакова Б.Р в должности председателям правления облпотрепсоюза Талдыкурганской области ... Секретарь обкома КП Қазахстана Б.Ашимов» деп қол қойылған екен.

Бейсен аға 1983 жылы денсаулығына байланысты республикалық дербес зейнеткерлікке шыққанға дейін облыстық тұтыну кооперациясында адал, абыройлы қызмет атқарды. Бала кезінен ауыл өмірінің қыр-сырын біліп өскен азаматқа ауыл шаруашылығындағы жұмысшылардың қал жағдайын білу керектігін, жағдайын қамтамасыз ету қиынға соқпады.

Әсіресе Бейсен ағаның сауаттылығы, білгірлігі, қайсарлығы, ұйымдастыру қабілеттілігі жоғарыда көрсеткен өмір дерегінде тек жұмыс бабымен өрлеу лауазымды сатымен тез өту, аға ұрпақ өкілдерінің өз замандастарының көз алдында өтті.

«Өсетін гүл тас жарып шығады» дейтін қағида өмірден алынған. «Талант тас жарады, тас жармаса бас жарады» дегенді де айтқан қазағым. Ол өзінің өткір мінезімен, білімділігімен, ұқыптылығымен қаржы, кеңес атқару комитетінің жүйесінде, тұтыну кооперациясында жұмысын тез, абыройлы атқарғандығы байқалады.

Ағамызға облпотребсоюз төрағасына сайлануына көп көмектескен, тәрбиелеген 1963-1970 жылдары Панфилов аудандық партия комитетенің бірінші хатшысы болған, Социалистік Еңбек Ері Шаймұхан Сәпиевтің (1926-1996 жж) еңбегін айтпай кетуге болмайды.

Жаста болса талай басшылық қызметтің түрлі сатысында ысылып үлгерген Бейсен Разбекұлы Искаков бұл жұмысын абыройлы атқарды. Талдықорған облпотребсоюзы Казпортебсоюз жүйесінде жоғарғы үштік көрсеткіш орнын бірін өткен ғасырдың 80-90 жылдарында абыроймен атқарды.

Ағамен алғашқы танысуым, тұтыну кооперациясына жұмысқа орналасуым 1977 жылы менің өмірімнің ең бір күрделі, қиын қаралы кезеңі болып, Талдықорған қалалық бір орта кәсіптік-техникалық училишесінің директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасар қызметін атқарып жүргенде орыс шовинистердің көмегімен «ұлтшыл» деп партиядан шығарылып, жұмыстан босаған кезімде Бейсен аға қамқорлық, жасап жұмысқа алған, алғашқыда кадр бөлімінің 8 айдай аға инспекторы болып, кейін 20 жылға жуық осы мекеменің ұйымдастыру-кооперативтік бөлімінің бастығы болып зейнетке шыққам.

Сөз орайы келіп тұрған соң айта кету жөн болар мені 1977 жылы КГБ, прокуратурадан аман-есен алып қалған дала академигі, Социалистік Еңбек Ері Әбдықадыр Дайыров атам мен бөлешарым Алматы облысының құрметті азаматы, жазушы-журналист Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінің бас редакторы болып 12 жыл абыройлы қызмет атқарған Тұрсын Әбдуалидің, облыс прокуратурасының аға

Бауыржан Бейсенұлы

тергушісі Төкен Машиков көмегі зор деп айтуым керек.

Алғашқы ағамызды көргенімде ол айтқан, нақты әрі өтімді сөздері, көпті көрген, көп білетін басшы азамат ретінде маған мұғалім тарихшы ретінде жақсы әсер қалдырды.

Бейсен аға өте алғыр, айтқанын орындайтын, көңілі түссе мейрімділігі мол, турашыл, білікті, білімді, беделді басшы екенін бірге істегенде көрдім.

Біздің облыс бірінші болып Казпотребсоюз жүйесінде өткен ғасырдың 80 жылдары іргелі жобалы іске асырды ол өзіне-өзі қызмет ету (самообслуживание) Алакөл райпосында енгізді, бұл мекемені белгілі абыз кооператор Исағұл Жолжанов (1921-2014жж) басқаратын, бұл істің жауаптылығыда, қиындылығыда мол болған еді.

Кейін облысымыздың 12 ауданында өзіне-өзі қызмет ету жүйесі дүкендердің, универмактарда барлығына енгізілді.

Бейсен аға кадр мәселесіне көп зер салатын, кадрларды іріктеу тәрбиелеу, жұмысқа алу тамыр танысына емес адамның арнайы біліміне, қабілетілігіне, іскерлігіне, сауаттылығына ерекше назар аударатын. Бұл принциптен ешқашан ауытқыған емес.

Сол кезде облыс аудандарының тұтыну кооперациясын (райпо, райпотребсоюз) басқарғандар: Көксуда – Медет Шукеев, Алакөлде – Исағұл Жолжанов, Владимир Шербашин, Капалда – Жанат Әуелбеков, Ақсуда – Жолдасбек Тоғайбаев, Кәкімжан Сабырбаев, Андреевкада – Жанасыл Жанатов, Алексадр Лим, Тұрсын Нұрғалиев, Сарқандта – Генадий Савинов, Досымбай Қалибеков, Қараталда – Николай Пак , Лидия Турынтаева, Георгий Пан, Гвардияда – Полат Ғаппарв, Әміржан Ыдырысов, Панфиловта – Сатыбай Мырзахметов, Нүрлөби Рахымжанов, Бөрілтөбеде – Ізбасар Ақтымбаев, Тілеухан Нұрбаев, Кербұлақта – Мұрат Хасенов, Мұрат Дәуренбеков, Талдықорғанда – Рахметулла Абдуллаев, Кәдіржан Жексенбинов т.б халықты уақытысында керек-жарағын қамтамасыз етті.

Малшыларға әр колхоз, совхозда бір немесе екі автодүкен жұмыс жасайтын, қыста отгонда төрт-бес қойшы шоғырланған жерде дүкен жұмыс жасайтындығын қазір бұл шындыққа жанаспайтын сияқты, әр малшыға айына екі рет автодүкен азық түлігін индия немесе №36 шайын тағы басқа азық-түлік товарларды міндетті түрде жеткізетін...

Үш ауданаралық Бескөл, Талдықорған, Сарыөзек сауда базаларының директорлары Әдікен Нұрмухамбетов, Болат Әбітеиов, Тілектес Байғабылов тағы басқа еңбек етті.

Өткен ғасырдың 70-90 жылдарында Бейсен ағаның тікелей басшылығымен Талдықорған өңірінде салынған құрылысқа тоқтала кетсек.

Ол Жаркент, Үштөбе, Сарқанд, Үшарал қаласында Қарабұлақ, Кировский кентінде Сағабуйен, Ақсу, Қызылащы ауылдарында екі қабатты әсем сауда орталығы салынған.

Үшарал, Сарқан, Жаркент, Қабанбай батыр, Қапал, Кировский кентінде Талдықорған қаласында бес жүзден мың тоннаға дейін жеміс-жидек сақтайтын жеті қойма, Югославия модулімен шұжық шығаратын сегіз цех, қырық әмбебеп дүкендер, оннан зауыттар қосылды.

Кеңестер кезінде тұтыну кооперациясы аудандағы ауылдағы сауданы түгелдей дерлік атқарып, халықты қамтамасыз етіп тұратын, сондықтан жекешелендіру саясатынан кейінгі және қазіргі нарық уақытында тұтыну кооперациясында

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨТКЕН КҮННЕН БІР БЕЛГІ

саласындағы сауда мекемелерінің соңғы басшылары «жілігін шағып, майын сорды».

Қазір сауда орталығы ресторандары нан зауыттары, дайындау конторлары тағы басқа мекемелерінің орны қалмаған шығар...

Сөз орайы келген соң айта кеткен жөн болар Талдықорған облысы қайтадан 1968 жылы құрылғаннан бастап осы әр ауданда сауда мекемелерін салуда 35 жыл тер төгіп еңбек сіңірген облпотребсоюздың құрылыс-монтаж басқармасының (СМУ ОПС) бастығы Жамбыл ауданының тумасы Үсен Сарыбасұлы Күзембаев та үлесі өте зор екендігін айтқан жөн болар.

Бейсен Разыбекұлы Центросоюзға барып облпотребсоюздың басқармасының аппаратына әдемі 5-3 этажды Талдықорған қаласының қақ отасында 1991жылға дейін ең әдемі офисін 1975 жылы салдырған, қазіргі облыстық Қазпочта.

Өз ісінің алғыр жаңашыл Бейсен аға басшы туралы тағы айта беруге болар еді, алайда заман өзгерді, қоғам жаңғырды соған сәйкес тұтыну кооперациясы жүйесінің барлық кәсіпорындарымен мекемелері жекешелендіріп кетті. Қазіргі кішігірім 10-15 үйден тұратын ауылда күнделікті азық-түлік сататын дүкендер жоқ. Малшылар мен егісте жүрген еңбек адамдарына ешкім жағдайын ойластырмайды.

Қазірге жеке кәсіпкерлер биік мінбелерден ой толғап, олар араласпайтын сала, олар қатыспайтын шара жоқ екендігін естіп, көріп жатырмыз ғой.

Тұтыну кооперациясы Қытай, Латын Америкасында, Африка, Австрия, Азия тағы басқа елдерде әліде жүйесі сақталған.

КСРО-да тұтыну кооперациясы мемлекеттік жүйеге жатпайтын жекеменшік өз алдына «мемлекет ішінде жеке мемлекет еді»...

Соны қазірге жастарға еске салғанды жөн көрдік.

Бейсен басшы аға өзімен бірге қызмет атқаратын әріптестерінің барлық жағдайын жасауға ат салысатын. 1968-1985 жылға дейін Талдықоған қаласындағы Шевченко-М. Төлебаев атындағы көшенің қиылысындағы төрт қабатты 76 пәтерлі, Қаратал шағын ауданында төрт қабатты екі үй 75 пәтерлі, горгаз жанында екі қабатты 16 пәтерлі, Қаракерей Қабанбай Н.Алдабергенов атындағы көшесі қиылысында төрт қабатты 12 пәтерлі үй осы күнге дейін кооператорлар үйі деп аталады.

Ол жас оқу бітіріп келген кәсіби мамандардың да өсуіне көп көңіл бөлетін, жағдай жасайтын.

Бейсен аға өзінің саналы жігерімен, адамдық қасиеті мен басшылық қабілетімен адал достығымен, облыстық кооперация майталмандары: Ақыш Сабырбаев, Алексей Птицын , Серік Есщанов, Сатыбалды Кеңесов, Күлтай Исабекова, Бағдагүл Сұлтанова, Владимир Ким, Дарига Искакова, Құрманқұл Тәжіғұлов, Нафих Ахметов, Аманғали Балғабаев, Ғабдул Искаков, Батура Ембердиева, Сәуле Өскембаева т.б бірге істеп жастарға қолдау көрсетті.

Ағамыз 16 жыл ішінде талай тұтыну кооперациясының басшыларын тәрбиелеп өсірді.

Сондықтан болар Бейсен аға бейнесі, адамгершілік тұлғасы, оны білетіндердің бірге жұмыс жасаған замандастарының жадында әр дайым сақталады деп ойлаймын.

Оның шекпеннің астынан шыққан талай ұл-қыздар әліде ат үстінде.

Аға тәрбиесінен шапағатын көрген Әділхан Шалғынбаев, «Казкульпторг» басшысы Бағдат Манзоров үш аудан мен қала әкімі Қалдыбек Байымбетов Алматы қаласының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің аппаратында Сейдуали Капеков «Казобувьторг», Керімбек Еселбаев «Казбакалейторг» басшысы болып тағы басқа қызмет атқарған.

Ол облыс аудан басшылар арасында абыройлы және беделді болды, табиғи асыл қасиеттерінің бірі адам психологиясын жетік білетін және де қай деңгейде болмасын шиеленіскен мәселені шешу жолдарын табуға, шешуге шебер болатын.

Ол кісінің алдына барған адамдар қандай мәселемен кірседе шешімін тауып шығатын.

Ол достарына да адал берік сенімді болатын мен білетін үш сенімді адал досы бар еді бірі Смағұл Бейсенов (1925-2006 жж) 20 жылдай КСРО Госбанкасы Талдықорған облыстық банкінің төрағасы болған.

Ағаның екінші досы Марат Сүлейменұлы Есқараев облыстық байланыс басқармасының бастығы, «Қазақ елінің байласын саласының айрықша еңбек сіңірген ардагері». Асылдың тұяғы, әкесі Қазақ КСР – ның алғашқы прокуроры Сүлеймен Есқараев болатын.

Үшінші досы Көшкінбай аға Жанатов (1936-2006 жж) ҚР №1 Құрмет орденінің иегері, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нурмолда Алдабергенов атындағы әйгілі шаруашылықты көп жылдар басқарған. Көшкімбай аға 1990 жылы 19 қазанда Бейсен Разбекұлы қайтыс болғанда барлық іс-шараларын басқарды. Кейін туған күніне арнап облыстық Жетісу, Огни Алатау газеттерінде (2003, 8 мамыр) мақалалар ұйымдастырып басылды.

Марқұм Көшкінбай аға құшағы кең, кісілігі мол, кішілігі тең, жүрегі дархан, көңілінен шуақ шашып тұратын, терең ойлы, біліктіде білімді, өз ісін жақсы білетін парасаты мол, өте мәдениетті, кең пейілді және қайырымды, қарапайым досқа адал ағалардың бірі әрі бірегейі еді.

Жоғарыда аты аталған ағамыздың сөзге берік адал достарыда бұл өмірден өтті жаны жәннатта, топырағы торқа болып, үрім – бұтағы көбеиіп, өрісі- кеңейе берсе демекпіз.

Талдықорған облыстық тұтыну қоғамдар одағы (облпотрепсоюз) көп салалы барлық 12 ауданда сауда, қоғамдық тамақтандыру, нан пісіру заводтары, дайындау конторлары, автобазалары, СМУ, Көпучилище, үш ауданаралық Талдықорған, Бескөл, Сарыөзек сауда базалары, Талдықорған Текелі қалалық Горкоопторгтар, Игілік банк, ЦИНОТУР құрылыс институт филиалы, барлық облыстағы базарлар кооперция жүйесіне кіретін.

20 мың жұмысшы қызмет атқаратын облпотрепсоюз жүйесін Бейсен Разбекұлы Республикалық дербес пенсияға шыққаннан кейін оның орнына Андреев ауданы Майқан ауылының тумасы, өзінің сауда жөніндегі бірінші орынбасары Василий Лукьянович Манченко 1984 жылдан 1987 жылға дейін басқарды. Ол азаматтығы, парасаттылығы зор өз ісінің білгір майталманы еді, ол потребсоюз қызметкерлер арасында беделі зор, дауыс көтермейтін адал, іскер азамат, былтыр кооперация ардагері Василий Лукьянович 80 жылдығын атап өтті.

Одан кейін 1987 жылға дейін бірінші орынбасары болып қызмет атқарған Мұрат Сапарғалиұлы Хасенов басқарды. Оның түсында барлық кооперация мүлкі жекешелендіріп кетті. Мұрат Сапарғалиұлы бастық болған соң жүрісі, мінезі, сөйлеу мәнері өзгере бастады Облысты басқарған А. Жигулин мен С.Тұрсыновтың айтқанынан шықпады. Олда былтыр 70 жасқа толуын дүрілдетіп тойлады. Ол өз ісіне берік, іскер сөзге шебер, беделді, білімді басшы еді.

1993 жылдан кейін облпотребсоюз қоғамдық ұйым қатарына көшті.

Енді асыл ағамыз туралы бірге сөйлеген әріптестерінің, тәрбиелеген шәкірттерінің пікіріне көңіл бөлейік:

30 жылдай Дзержинский, Алакөл ауданының райпосын басқарған «Қазақ КСР-ның сауда саласының құрметті азаматы» Исағұл Жолжанов өз естелігінде: «...- мен Бейсенмен көп жылдар бойы қызметтес болдым. Сауда саласының аса білгірі еді. Тұтынушыларға не керектігінің жайын ескертіп, оларды тауып беруге аса ынта

Василий Лукьянович Манченко

қоятын. Қара қылды қақ жаратын қайсар әділдігі үшін ерекше сыйлайтын едік»-деді кооперацияның абыз ардагері.

Менің де інісі-әріптесі ретінде аға туралы айтарым бар, 1977 жылы орыс шовинистері партиядан шығарып, «ұлтшыл деп» екі жыл прокуратура сергелдеңге салғанда қамқор болған, жұмысқа лаған ағамызбен 8 жыл қоян –қолтық бірге істеген жылдары жұмысыма байланысты бірде бір сенімсіздік білдірген жоқ, қайта менің жіберген кемшіліктерімді уақытында айтып, кеңес беріп қолдап, ақыл кеңесін айтып, демеу беріп отырушы еді және шындығын айтуым керек мені өзіне жақын тартатын.

Сатыбай Мырзахметов 1983-1988 жылдары Панфилов райпотребсоюзын басқарған, сол ауданның тумасы ол өмір жолын дүкеншіден бастағанын еске алып: «Бейсен Разбекович бізге Панфилов ауданының тұтыну кооперациясына басшы, ұстаз болған, оның бойында ұлылық пен парасаттық зор еді. Жұмысқа қатал, айтқанынан қайтпайтын, жаңашылдыққа жаны құмар басшы болатын. Ол өзінің пікірін ашық айтып, ұшқыр ойларын ұсынып келген сайын тексеріп тұратын» дейді «КСРО тұтыну кооперациясының үздігі» Сатыбай ардагер зейнеткер.

Ал мемлекет және қоғам қайраткері Батима Сақауова: «ол айналасын қоршаған

Фатима жеңгей мен Бейсен аға

үлкенді-кішілі әріптестерін ерекше сыйлайтын, өзгеніде өзінде сыйлата білетін. Бейсеннің жүйрікті шаңынан ажырататын дай шабандоздай кісі таныгатындығы ғажап еді» дейді Жетісудің әз-анасы.

40 жыл кооперация саласында қызмет істеп, 1978-1980 жылдары Андреев райпосын, 1980-1986 жылдары Андреев, Киров райпосының төрағасы Александр Енинович Лим былай деп еске алады: «Бейсен Разбекович Искаков был талантливым профессионалом, справидливым и требовательным и многим наставником. Многие молодые специалисты, работавшие под руководство стали руковадителем областного и районного уровня ... для меня он как крестный отец. Бывало строго наказовал в тоже время учил как себя вести в сложных ситуации был наставником ...» дейді шәкірті, кооперация ардагері.

Бейсен ағамыздың ерекшелігі – азаматтық өрлігінде, қызмет бабында ешкімге ұқсай бермейтін ұйымдастырушылық қабілетінде, жан-жақты білімдарлығымен өзінеде, өзгегеде биік талап қоя білушілігінде. Болмысы бөлек мейірімді және мінезі де бар ерекше тұлға еді. Бұған тағы қосарымыз турашыл, принципшіл мінезі қатал, ар-ожданы таза ағалардың бірі еді.

«Хан айтты деп ықпайтын, қазы айтты деп бұқпайтын» қайсар мінезді адам болатын.

Халқымыз табиғатынан табандыда

Мұрат Сапарғалиұлы Хасенов

төзімді, кездескен қиыншылыққа қабақ шытпайтын ер жігітті атанға, нарға теңейді әрине жүрістің ауырын нар көтеретін болғандықтанда осындай теңеу жасалатыны айтпасада түсініктi ғой.

Бейсен ағаға қатысты бұл жүк тек бастың емес, ар–ұятпен жауапкершіліктің салмағындай көріне береді. Бейсен ағамыздың жасаған еңбегін мемлекет басшылары тарапынан бағаланып ол екі орден, бірнеше медальдар және төс белгісімен марапаталды. Ол «КСРО және Қазақ КСР кооперациясың» үздігі.

Талдықорған облысының 54 жыл тарихының сауда саласында 6 адам ғана «Қазақ КСР сауда саласының құрметті қызметкері» алған соның бірі – Бейсен Разбекұлы Искаков ағамыз болды.

Асыл ағамыз қайтыс болған соң ол туралы әр түрлі ой пікірлер ел арасында айтылып жүрді, кейбіреулері менен «сен ағаңның оң қолы болдын ғой ол рас па деп» сұрағандарда болды БАҚ бетінде ештене жазылғандығын кездестірмедім. Тек 50 жылдан аса білетін сыйлы ағалармыздың бірі Егеубек Даданбекұлы Далбағаевтың естелігін оқып таң қалдым, жазғанына көніл бөлейік:

«...Мәдениет мекемелері тұрмыс қажеттілігіне сай мұқтаждығын өтемейді. Сондықтан «күлшелі бала сүйкімді» демекші , елге беретін зат, тауарлар жоқ. Мен Облыстық партия комитетінде істеп жүргенде жаңадан келген басшымыз (С.Құсайнов К.Н) облыстағы үлкен сауда ұжымының басқарушы азаматты (Б.Искаков-К.Н) жек көріп, түрлі құрылымдардағы тізімнен сызып тастап жүрді. Айтатыны: «Ол жұмыс істемейді, тек басшыларға пара беріп жүреді екен» деп отыратын. Жарты жылдан кейін ол пікірін өзгертті. Біртіндеп қоғамдағы бұрынғы орындарына жылжыта бастады. Жігіттердің айтуына қарағанда, бастықтың қалтасына қомақты қағаздар түскен болып шықты. «Алтын көрсе періште жолдан таяды» деген осы. Мен көп жыл басқарған салада алтын да, күміс те жок.»...- деп жазыпты Егеубек аға.(Далбағаев Е. Естеліктер.Алматы. «Қазығұрт» баспасы. 2003. 221 бет).

1977 жылы желтоқсан айында Сақан Құсайнов Талдықорған облыстық партия комитетінің басшысы келе сала бұрынғы хатшы Әріпбай Албаевтың кадрларын тазалай бастағаны рас. Солардың бірі: облыстың құрылыс тресінің бастығын СОКП Қоғамдық Академиясына жіберді. Мені ұлтшыл деп ұйымдастырып жасатқан обкомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Олег Поповты да Мәскеуге оқуға жіберді, т.б. ауыстырды.

Әр ауданнан бір-бір шаруашылық мекемелерінің басшыларын соттаттырды...

Облпотребсоюздың басшысына да ауыз сағаны белгілі, облыстық халықтық бақылау комитетінің орынбасары Ярочкин алты ай тексерді, бір-ақ ешқандай қаржы тағы басқа ірі кемшіліктерін таба алған жоқ.

Тексеру қорытындысы бойынша арнайы облпотребсоюздың жұмысын облыстық партия коммитетінің бюросында қаралды, облпотребсоюзь төрағасы Бейсен Разбекұлы тек ескерту ғана алды.

Бейсен Разбекұлы кейін облыс басшысы Солтүстік Қазақстандық Сақан Құсайновпен тіл табысты бір-ақ оның жерлесі обкомның екінші хатшысы Иван Давыдовпен екеуінің 4-5 ай ішінде бірге жұмыстан кетуіне себепші болғандардың бірі ағамыз еді.

Мен ағаммен 8 жылдай бірге істедім ол кісі барлық мәселелерін тек обкомның бірінші хатшысымен шешіп алатын.

Ал Казподребсоюзда беделі өте жоғары болатын.

Жоқ, аударылмайды. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 2-тармағының ережелеріне сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

3) Қайырлы күн! Материалдық жағдайымның ауырлығына байланысты мерзімі өткен және төленбеген екі несием бар. Айтыңызшы, бұл қарызды менің зейнетақы жинақтарымнан өндіріп ала ма?

Жоқ, өндіріп алу мүмкін емес. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 50-бабының 3-тармағына сәйкес салымшының (алушының) борыштары бойынша міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, өсімпұлдарға, зейнетақы активтеріне және зейнетақы жинақтарына тыйым салуға немесе олардан өндіріп алуға жол берілмейді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 98-бабының 14-тармағына сәйкес өндіріп алу салымшының (алушының) борыштары бойынша зейнетақы жинақтарына қатысты қолданылмайды.

4) Сәлеметсіз бе! Ағам қайтыс болғаннан бері бір ай мерзім өтті. Біз оның зейнетақы жинақтарын алу үшін қандай құжаттар қажет екенін және нақты қандай қаражат ала алатынымызды білсек деп едік.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 5-тармағына сәйкес (бұдан әрі– Заң) алушы, сондай-ақ, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және Заңның 11-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға БЖЗҚ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 52,4 еселенген мөлшері шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотындағы (бұдан әрі-ЖЗШ) қаражаттан аспайтын мөлшердегі жерлеуге арналған біржолғы төлем төлейді.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін алушының ЖЗШ-сындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда, бұл қалдық жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді.

Бұған қоса Заңның ережелерінде БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылатыны айқындалған.

Заңның 34-бабы 9-тармағының 2 тармақшасына сәйкес БЖЗҚ алушыларға зейнетақы төлемдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асыруға міндетті. Аталған тәртіп, сондай-ақ, қажетті құжаттар тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 ж. № 1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларында айқындалған.

Төлем түріне, оларды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне (өзі келгенде/пошта байланысы құралдары/үшінші тұлға арқылы жүгінген кезде) байланысты қажетті құжаттардың өзекті тізбесі, оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініш бланкілері және төлем валютасының түріне қарай оларды толтыру және сенімхат үлгілері www.enpf.kzмекенжайы бойынша БЖЗҚ-ның веб-сайтында орналасқан.

5) Коронавирус індетіне байланысты жұмыс берушім біраз уақыт жалақы төлемеді. Егер мен ресми түрде жалданып жұмыс істейтін болсам, алдыңғы айлар үшін міндетті зейнетақы жарналарын өз бетімше аудара аламын ба?

Қазақстан Республикасының қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын салымшылар салымшы агентінің (жұмыс берушінің) аударуы арқылы төлейді. Бұл ретте «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ЗТМО) аудару арқылы өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – МЗЖ) мына жеке тұлғалар ғана төлей алады:

- жеке кәсіпкерлер;
- жеке нотариустар;
- жеке сот орындаушылары;
- адвокаттар;
- кәсіби медиаторлар;
-азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар;
-бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер.

Осылайша егер сіз жоғарыда аталған тұлғалар санатына жатпасаңыз, онда МЗЖ есебінен қалыптастырылған жеке зейнетақы шотын өз бетіңізше толықтыру мүмкін емес.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗҚ» АҚ-ның комиссиялың сыйақысы 2021 жылы қаншалықты төмендейді?

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қарашадағы №132 қаулысымен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының комиссиялық сыйақысының 2021 жылға арналған шамасы:

1) инвестициялық табыс сомасының 2,0 пайызы;

2) зейнетақы активтерінің айына 0,01 пайызы көлемінде бекітілді.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес комиссиялық сыйақының шекті шамасы инвестициялық табыстың 7,5 пайызынан және зейнетақы активтерінің айына 0,025 пайызынан аспайтын шекте белгіленеді.

Осылайша, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап белгіленетін комиссиялық сыйақының заңда белгіленген шекті шамалардан төмен нақты шамалары мынадай:

- инвестициялық табыс сомасынан - 3,75 есе;

- зейнетақы активтерінен - 2,5 есе.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, жыл сайын комиссиялық сыйақыны төмендету және Қордың шығыстарын оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізеді. Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ комиссияларының мөлшерін жыл сайын Ұлттық Банк Басқармасы айқындайды. Атап айтқанда, 2020 жылға комиссия мөлшері инвестициялық табыстың 5%-нан 2%-на дейін және зейнетақы активтерінен айына 0,015%-дан 0,011%-ға дейін айтарлықтай төмендетілді.

Заңға сәйкес БЖЗҚ комиссиялық сыйақының екі түрін де алады және барлық шығындарды, соның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға байланысты шығындарды да жабады. БЖЗҚ-ның меншікті капиталының өсімі және меншікті активтерді инвестициялау комиссиялық сыйақыны одан әрі төмендетуге мүмкіндік береді.

Комиссиялық сыйақының салыстырмалы және абсолюттік шамаларының төмендеуі зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде Ұлттық Банктің, сондай-ақ,қаржы құралдарын инвестициялық есепке алу, жеке зейнетақы шоттарын дербестендірілген есепке алу, салымшылар мен алушыларға зейнетақы қызметтерін көрсету жөніндегі бірыңғай оператор ретінде БЖЗҚ жүргізген жұмыстың нәтижесі болып табылады.

Жалпы инвестициялық басқаруға және кастодиандық қызметтерге комиссиялық шығыстар төмендетілді, бизнес-үдерістерді автоматтандыру және қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыру, зейнетақы қызметтерін электрондық форматқа көшіру және операциялардың жалпы көлеміндегі олардың үлесін ұлғайту бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде, сондай-ақ, әкімшілік шығыстардың бір бөлігін меншікті активтерді инвестициялаудан түскен кірістерден жабу есебінен БЖЗҚ-ның әкімшілік шығыстары азайтылды.

Комиссиялық сыйақы шамасының айтарлықтай төмендеуі салымшылар мен алушылардың инвестициялық табысы мен зейнетақы жинақтарының көбеюіне оң әсерін тигізуде.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ІЛТИПАТ

ӘЭРІГЕРГЕ МЫҢ АЛҒЫС

Басың ауырып, балтырың сыздаса алып-ұшып іздейтін, адам жанының арашасына айналған – ақ халатты абзал жандар екені баршаға мәлім. Солардың бірі – кардиологтар.

Жуырда кардиохирургия бөлімінде емделіп, жүрекке ота жасатып шықтым. Аталған бөлімнің меңгерушісі Ерлан Классұлына және сол бөлімнің кардиохирургтарына айтар алғысым шексіз, дән ризамын. Ерлан Классұлы өте білімді де білікті, тәжірибелі өз ісінің білгірі. Ал аты-жөні аталып отырған кардиохирургтар Ахмедияр Жұмағалиұлы, Алмат Қайратұлы, Әміржан Аманжанұлы, Ерғали Әнуарбекұлы мен Нұрлан Дәулетханұлы сынды кардиореанимация бөлімі қызметкерлері нағыз сен тұр, мен атайын дейтін өте тәжірибелі мамандар. Таңертең жұмысқа келе салысымен Ерлан Классұлы бастаған барлық кардиохирург халжағдайымызды сұрап білген соң ары қарай ем-домын жасайды.

Мен бірнеше ауруханада ем алып жүріп мынадай шынайы көңіл бөлген жандарды көрген жоқпын. Осы бөлімнің медбике және кіші медбикелеріне де айтар алғысым ұшан-теңіз. Тура өзіңнің туған келінің сияқты көңіл бөліп, зыр жүгіріп қызмет етеді. Осы орайда бөлімнің аға медбикесі Әсел Ермұханқызына, шаруашылық медбикесі Роза Рахметолданқызына, емдеуші медбикелер Айгүл Тұрсынғалиқызы мен Эльмира Өмірзаққызы, Гүлбанул Батырқызына және Ерлан Ерланұлы, Айгүл Шеруқызы, Гүлжан Тұрлықожақызы, Алма Сәлімбайқызы, Галина Василийқызы сынды кіші медбикелерге осында емделіп шыққан бүкіл азамат пен азаматшалар атынан шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Әсіресе, демалыс күндерімен санаспай, күн-түн демей біздің жарақатымызды таңып кететін жарақат таңу бөлімінің медбикесі Динара Шакановаға ерекше алғыс айтамын. Өзі адаммен тез тіл табысып, араласып кететін бауырмал жан.

Білікті де білімді, тәжірибесі мол мамандардың басын қосып, ұжымды ұйыстырып отырған облыстық кардиология ауруханасының директоры Рақым Төрегелдіұлына рахметімізді айтамыз. Осындай қайырымды да жанашыр мамандар топтасқан ұжым көптің алғысына бөленіп, алға баса берсін демекпін. Рақым Төрегелдіұлы, сізден өтініп сұрайтынымыз, осы кардиология бөлімінің аты аталған мамандарына көңіл бөліп, қаржылай болса да сыйақы беріп қайраттандырып қойсаңыз нұр үстіне нұр болар еді.

Құрметті халайық, егер жүректеріңіз ауырса, ешқайда бармай-ақ, өзіміздің облыстық кардиохирургия бөліміне келсеңіздер бір аптаның ішінде үйлеріңізге ойнап-күліп қайтасыздар. Бастысы жүректеріңіз ауырмасын!

Туркпенбай ӨТЕМУРАТОВ,
зейнеткер, спорт ардагері,
Талдықорған қаласы
волейбол
федерациясының
президенті.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВНИМАНИЮ ГРАЖДАН!

ОБЪЕДИНЕНИЕ СОБСТВЕННИКОВ КВАРТИР (ОСИ) И ПРОСТЫЕ ТОВАРИЩЕСТВА (ПТ) ВМЕСТО КООПЕРАТИВОВ СОБСТВЕННИКОВ КВАРТИР (КСК)

26 декабря Президентом Республики Казахстан подписан Закон «О внесении изменений и дополнений в законодательный акт по вопросам жилищно-коммунального хозяйства». Закон вступил в силу с 7 января 2020 года. Существует несколько направлений данного Закона.

Одно из них - урегулирование деятельности органов управления, а именно выстраивание принципов работы отдельных квартирных жилых домов: **«Одно объединение собственников имущества - один счет».**

«Объединение собственников имущества» ОСИ- это юридическое лицо в некоммерческой форме, создаваемое только собственниками квартир и нежилых помещений одного многоквартирного жилого дома, главная цель - это дать собственникам квартирных жилых помещений многоквартирных жилых домов самим управлять своим домом.

Втечении года после принятия Законанеобходимо провести собрание жильцов. На данном собрании должны быть подняты самые главные вопросы. Это выбор совета дома, председателя объединения собственников имущества, ревизионной комиссии. На данном собрании жильцы должны решить самый главный вопрос - выбор формы управления, то есть это будет объединение собственников имущества в виде юридического лица или простое товарищество.В протоколе отмечаются все нюансы данного собрания. Обязательно должен быть кворум более 51% жильцов, собственников квартирных и нежилых помещений жилого дома.

Таким образом, **Объединение собственников имущества (ОСИ)** – это юридическое лицо (некоммерческая организация), созданное владельцами квартир и нежилых помещений одного дома. ОСИ должно быть зарегистрировано в органах юстиции по месту нахождения и иметь свой устав.

Простое товарищество (ПТ) – совместное управление и содержание дома всеми собственниками общедомового имущества на основе гражданского договора. Регистрации и устава не требует. Жильцы дома могут выбрать доверенное лицо, которое будет действовать на основании доверенности, выданной владельцами квартир.

Для регистрации ОСИ в органы юстиции по месту нахождения юридического лица через филиалы НАО ГК «Правительство для граждан» представляются:

• заявление;

• протокол собрания;

• приложение к протоколу список проголосовавших собственников квартир, нежилых помещений с указанием их фамилии, имени, отчества *(если оно указано в документе, удостоверяющем личность)* номеров квартир, нежилых помещений в прошнурованном и нумерованном виде ;

• уставобъединения собственников имущества (ОСИ) в двух экземплярах и на двух языках;

• квитанцию об оплате регистрационного сбора в размере 1 МРП.

Простое товариществоне регистрируется в органах юстиции. Нов местных исполнительных органах нужно встать на регистрационный учёт, предоставив:

• копию протокола собрания жильцов (оригинал для сверки);

• копии договора о совместной деятельности;

Наиболее часто встречающиеся проблемные моменты, с которыми могут столкнутся собственники квартир при регистрации ОСИ:

В случае, если протокол собрания, листы опроса составлены в произвольной форме или с ошибками, регистрирующий орган может вернуть документы на доработку.

Протокол собрания, листы опроса нужно готовить по типовым формам, согласно Правилам, утвержденным приказом Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан №163 от 30 марта 2020 года. Листы голосования нужно пронумеровать и прошить вместе с протоколом.

Если собственники квартир решили разработать устав своего ОСИ самостоятельно, в него необходимо включить основополагающие нормы Закона РК "О жилищных отношениях".

Наименование юридического лица, в соответствии с Гражданским Кодексом РК, не должно полностью или существенно дублировать наименование других, уже зарегистрированных, юридических лиц. Поэтому выбор названия часто вызывает сложности.

Как показывает практика, в большинстве случаев в качестве местонахождения юридического лица указывается фактический адрес проживания председателя ОСИ.

Председатель ОСИ должен быть полностью дееспособным, не иметь непогашенную и неснятую судимость, а также задолженности по исполнительным документам.

Кооперативы собственников квартирвправе осуществлять свою деятельность **до 1 июля 2022 года**. Если жильцы многоквартирного дома довольны работой своего кооператива собственников квартир, если КСК оказывает услуги максимально доступно, качественно, если уборка идет стабильно, никаких нареканий нет, то жильцы могут оставить данный кооператив собственников квартир до 1 июля 2022 года. Но при достижении данного периода КСК уйдет в разряд управляющихили сервисных компаний.

Ш. АЛДАКЕНОВА,
Ведущий специалист
отдела методологического
обеспечения и контроля в сфере
регистрационной службы
Департамента юстиции
Алматинской области

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

АЛЬТЕРНАТИВНЫЙ СПОСОБ ВНЕСУДЕБНОГО УРЕГУЛИРОВАНИЯ

Как известно, семейные споры одни из самых напряженных и становятся испытанием для сторон на прочность и стойкость. При рассмотрении дела судом между сторонами зачастую усугубляется конфликт и взаимная неприязнь.

Развод приводит к стрессу не только родителей, но и детей. Хорошо, когда родители приходят к обоюдному соглашению и мирно решают финансовые вопросы, возникающие в ходе этой неприятной ситуации. Но не всегда все проходит гладко, и тогда один из супругов подает на алименты.

Алиментные обязательства родителей относят к обязательствам 1-ой очереди: родители обязаны содержать и поддерживать своих детей вплоть до совершеннолетия (а в некоторых случаях и после 18 лет) независимо от того, если ли у ребенка другие родственники.

Альтернативным способом внесудебного урегулирования спора является медиация, предусматривающая привлечение независимого лица, задачей которого является достижение варианта разрешения конфликта, устраивающего обе стороны медиации, снижение уровня конфликтности сторон.

Взыскание алиментов является бесспорным требованием и по таким требованиям стороны могут обратиться к нотариусу, для удостоверения соглашения об урегулировании спора.Заключение алиментных соглашении имеет определенные преимущества и особенности: неформальная и гибкая процедура, конфиденциальность, добровольное исполнение, сохранение отношении, что особо важно для сторон.

Если супругам удалось мирно решить вопрос относительно финансовых обязательств, между ними заключается соглашение, в котором прописываются все условия выплат и сумма алиментов. Документ в обязательном порядке заверяется у нотариуса. Соглашение можно подправить или расторгнуть, если у супруга, который выплачивает алименты, произойдут изменения в материальном или семейном положении.Если к обоюдному соглашению не удалось прийти или в случае же неисполнения соглашения взыскатель вправе обратиться в суд с ходатайством о вынесении судебного приказа на основании удостоверенного соглашения.

Маржан САДУАКАСОВА,
судья СМЭС Алматинской области.

ПРАВОСУДИЕ

ПОВЫШЕНИЕ КУЛЬТУРЫ СУДЕБНЫХ ПРОЦЕССОВ

Всем известно, что судебная власть осуществляется посредством гражданского, уголовного и иных установленных законом форм судопроизводства. Поэтому основной составной частью повышения имиджа судебной власти является повышения культуры судебных процессов.

Поэтому, повышение культуры проведения судебных процессов является важным условием обеспечения эффективности правосудия и повышения имиджа судебной власти. Более того, актуальность данной темы заключается еще в том, что осуществление правосудия в точном соответствии с законом обеспечивает предупредительное и воспитательное воздействие судебных решений.

Таким образом, немаловажное значение для повышения культуры судебных процессов имеет внешняя обстановка суда. Высокая культура судебного процесса требует хорошей, добросовестной подготовки к рассмотрению дела судей, прокурора, адвоката, глубокого знания ими дела.

Одним из обязательных условий культуры судебных процессов является своевременное открытие судебного заседания, а также соблюдение времени перерывов и распорядка судебного заседания.

В настоящее время введенная обязательная система аудио-, видеозаписи всего судебного разбирательства способствует обеспечению законности, объективности, а также порядка и дисциплины всех участников процесса.

Рассмотрение дел должно проводиться судами на основе точного соблюдения законности, в полном соответствии с процессуальным законодательством. Председательствующий по делу по делу призван обеспечивать лицам, участвующим в судебном заседании, возможность реального осуществления прав, предоставленных им законом, соблюдать нормы, гарантирующие равенство сторон.

Нургиса ЕРГАЗЫ,
главный специалист-секретарь
судебного заседания СМЭС.

НОВАЯ СТРАТЕГИЯ

КОРРУПЦИОННЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ

В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ РАБОТА ПО УСИЛЕНИЮ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ ВЕДЕТСЯ НЕПРЕРЫВНО И ПОСТОЯННО СОВЕРШЕНСТВУЕТСЯ. В МИРЕ НЕТ УНИКАЛЬНОГО НАБОРА МЕХАНИЗМОВ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ, КОТОРЫЙ ОПТИМАЛЕН ДЛЯ ВСЕХ СТРАН. СПЕЦИФИКА НАБОРОВ МЕТОДОВ ПО БОРЬБЕ С КОРРУПЦИЕЙ, ПРИНИМАЕМЫХ КАЖДОЙ СТРАНОЙ, УНИКАЛЬНА И ЗАВИСИТ НЕ ТОЛЬКО ОТ ПОЛИТИЧЕСКОЙ И ЭКОНОМИЧЕСКОЙ СТАБИЛЬНОСТИ, НО И ОТ ОБЫЧАЕВ И ТРАДИЦИЙ, РЕЛИГИОЗНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ И УРОВНЯ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ, А ТАКЖЕ ОТ ПЛОЩАДИ ЗАНИМАЕМОЙ ТЕРРИТОРИИ, ПЛОТНОСТИ, ЧИСЛЕННОСТИ НАСЕЛЕНИЯ.

Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение вырабатывать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

Правовую основу противодействия коррупции в Республике Казахстан составляют Конституция РК, Уголовный Кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан, Закон РК «О противодействии коррупции» и другие нормативные правовые акты, предусматривающие основные направления и конкретные меры противодействия и борьбы с коррупцией. Коррупционные преступления, будучи социально-правовым явлением, представляют собой общественно опасные посягательства на охраняемые уголовным законодательством общественные отношения. Общественная опасность таких преступлений определяет их социальную природу. Они опасны, потому что причиняют огромный вред социальным ценностям и экономическим устоям общества.

В условиях модернизации экономики и масштабных социальных преобразований в Казахстане была все более очевидна потребность в целостной антикоррупционной стратегии, тесно увязанной с современной социально-экономической политикой государства.

В связи с этим, 26 декабря 2014 года утверждена новая Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015-2025 годы.Целью Стратегии является повышение эффективности антикоррупционной политики государства, вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы "нулевой" терпимости к любым проявлениям коррупции и снижение в Казахстане уровня коррупции.

Жадыра ЗАРЫКПАЕВА,
судья Аксуского районного суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ӘУЕСҚОЙЛАР ЛИГАСЫ ҚҰРЫЛМАҚ

Алматы облысында бұқаралық спорт түрлерінен Жетісу әуесқойлар лигасы құрылмақ. Футбол, баскетбол,волейбол және шахмат ойындары бойынша өтетін бәйгелерде қатысушылар жас ерекшеліктеріне байланысты 3 топқа бөлініп шеберліктерін сынайтын болады. Бұл туралы «Jetisy media» ақпараттық алаңында өткен баспасөз-мәслихатында айтылды.

Жиында сөз алған облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Елдар Қайсарұлы бұқаралық спортты дамыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін атап көрсетті.

– *«Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауының 64-ші тармағын орындау шеңберінде облысымызда спорт және мәдениет саласында жастар жобасына үлкен көңіл бөлінуде. Осы мақсатта Жетісу өңірінің 20 аудан-қаласында футбол, волейбол, баскетбол және шахмат ойындары бойынша арнайы федерациялар құрылмақ»,* – деді ол.

Спикердің мәліметінше, қазір Алматы облысында 392 855 жас болса, оның 312 668-і ауыл-аймақтардан. Осыған орай өңірдегі бұқаралық спортты дамытуға облыс әкімі де ерекше назар аударуда. Яғни, дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында 70 мың жас пен жасөспірімдерді қамту жоспарланған.

Әуесқойлар лигасында қатысушылар жас ерекшеліктеріне байланысты 10-13, 14-17 және 18-35 жас аралығы болып, 3 топқа бөлінеді. Төрешілер және жаттықтырушылармен тығыз жұмыс жасай отырып, біліктіліктерін арттыру мақсатында әр аудандағы лига президентінің лауазымына іріктеу жүргізіледі. 253 ауылдық округтердің әрқайсысында және аудандық деңгейде 4 спорт түрінен де федерация жетекшісі тағайындалып, командалар құрылатын болады.

Сондай-ақ, Елдар Қайсарұлы барлық қатысушыға әр спорт түрін қамтып, 5 мыңнан астам доп, 20 мың арнайы форма берілетінін тілге тиек етіп, жобаға арнайы білікті төрешілер тартылатынын да атап өтті. Ойын барысын қадағалап отыру үшін арнайы сайт жасалып, барлық көрсеткіштер онлайн турнирлік кестеде көрсетіледі. Бұдан бөлек, өткен ойынның бейнеролигі үнемі сайтқа және youtube желісіне жүктелмек.

– *Қазіргі таңда біз аталған жоба бойынша байқау жарияладық. Сол себепті, бірге жұмыс істеуге ынта-ықыласы бар спортсүйер жастарды атсалысуға шақырамыз. Толық ақпаратты әр азамат өз өңіріне тиесілі аудандық, қалалық жастар ресурстық орталығынан немесе ауылдық округтегі жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушылардан біле алады,*– деді Е.Сапаров.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

ЮНЕСКО-НЫҢ МӘДЕНИ МҰРА ТІЗІМІНЕ ЕНДІ

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫ АДАМЗАТТЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ РЕПРЕЗЕНТАТИВТІК ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛДІ. БҰЛ ЖӨНІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау жөніндегі үкіметаралық комитет тиісті ұсыныс үшін дауыс берді. Ол комитеттің 2020 жылдың 14-19 желтоқсаны аралығындағы 15-сессиясы аясында өткізілді. Отандық делегация құрамында – Қазақстанның ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілдігінің қызметкерлері мен ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы МЕММ бойынша Ұлттық комитеттің сарапшылары бар. Айта кетейік, Қазақстан 2018-2021 жылдар аралығында комитет жұмысына ЮНЕСКО-ның осы беделді органының мүшесі ретінде қатысып келеді.

Аталмыш сессияда Үкіметаралық комитет 42 номинацияны, оның ішінде, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия бірлесе енгізген «Тоғызұмалақ» ойынын қарастырды.

Тоғызұмалақ (қырғыздарда – Тогуз коргоол, түріктерде – мангала/гечюрме) – адамның ұтқырлық пен тапқырлық қасиетін ұштайтын әрі математикалық ойлау мен төзімділікке баулитын ойын. Ол ежелгі түркілер қасиетті санаған 9 санына негізделген. Ойынды кейде қойшылар алгебрасы деп те атайды. Өйткені, ойын кезінде барлық төрт негізгі математикалық амал қолданылады. Ойын жылдамдық пен әдістәсіл санауға құрылған.

«Тоғызқұмалақтың» енуімен бірге МЕММ репрезентативтік тізіміндегі адамзаттың мәдени мұрасы санатындағы қазақстандық элементтер саны 11-ге жетіп отыр. Бұған дейін бұл тізімге домбыра күй өнері, киіз үй жасау дәстүрі, айтыс, қазақ күресі, Наурыз мейрамы, саятшылық, жіңішке нан – қатырма, асық ойыны, Қорқыт мұрасы және қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі мерекелік әдет-ғұрыптары (бие байлау, айғыр қосу, қымыз мұрындық) кірген болатын.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Спорттың адам өміріндегі маңызы зор. Салауатты өмір салтын ұстанған адамның денсаулығы мықты болады. Ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаса керек. Сондықтан спорттың қай түрімен шұғылдану адамның қабілетіне байланысты.

СПОРТ –ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген. Денсаулықты жақсартуда жаттығудың кем дегенде 33 түрін жасау керектігін айтқан.

Салауатты өмір сүру дегеніміз – тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану.Бала тәрбиесіне қазақ халқы ертеден көңіл бөліп, ақыл-ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған. Бұған дәлел қазақтың спорттық ойындары. Жас кезінен балаларға дұрыс тәрбие беріп, асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске қатысқандар шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз.

Қазақ халқы «тәрбие басы – тал бесік» деп бекер айтпаса керек. Жат әрекеттерге қарсы тәрбиені отбасы ошақ қасынан бастаған жөн. Ал одан кейінгі балабақша, мектепте, арнаулы оқу орнында, жоғарғы оқу орнында дұрыс тәрбие бере отырып өмірге бейімдеп қалыптастыруымыз қажет.

Азамат ОРЫМБАЙ,
«Сарқан аудандық білім бөлімінің әл-Фараби атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығы және Еркін бастауыш мектебімен» КММ-нің денешынықтыру пәнінің мұғалімі.

ДЗЮДО

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Дзюдодан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан чемпионаты өз мәресіне жетті. Ақтау қаласында төрт күнге созылған байрақты бәсекеге Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары мен еліміздің 14 облысынан 273 татами шебері өзара бақ сынаған. Бұл жөнінде ҚР Ұлттық Олимпиадалық комитеті мәлімдеді.

Жарыс нәтижесі бойынша жалпы медаль кестесінде Шығыс Қазақстан облысының командасы көш бастады. Олар 2 алтын, 3 күміс және 2 қола жүлдені иеленген. Алматы қаласының спортшылары 2 алтын, 2 күміс және 6 қола жүлдемен екінші орынға жайғасты. 2 алтын, 1 күміс және 2 қола жүлде иеленген Алматы облысының құрама командасы үздік үштікті қорытындылады.

Айта кетерлігі, биылғы ел біріншілігі алғашқыда Атырау қаласында өтеді деп жоспарланған. Пандемияға байланысты уақыты мен өтетін орны елордаға ауыстырылған. Ақтауда өткізілу туралы шешім соңғы бір ай ішінде қабылданған.

«Коронавирус пандемиясының қауіптілігін ескере отырып, осындай қиын кезеңде батылдық танытып, ел біріншілігін өткізу оңай шешім емес. Аталған жарыс әуелі Атырауда жоспарланған болатын. Одан кейін елордада өткізуді қарастырғанмен, ересектер арасындағы Қазақстан чемпионаты Ақтауға ауыстырылды. Ұзақ үзілісте татамиден тыс қалған дзюдошылар үшін бүгінгі жарыс аса қажет болатын. Бүгінгі ел біріншілігінің нәтижесінде Қазақстан Республикасының жаңа ұлттық құрамасы жасақталады»,– деді Қазақстан дзюдо федерациясының президенті Қайрат Қожамжаров.

Жылдың ең маңызды жарысы саналатын ел біріншілігіне ұлттық құрама сапынан барлық дзюдошы татамиге шықты. Ұлттық құраманың бас бапкері Ғалымжан Жылгелдиевтің айтуынша, жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегер атанған спортшылар ұлттық құрама сапына қосылып, алдағы жаңа Олимпиадалық циклге резерв жасақталады.

Қазақстан чемпионаты әдеттегідей ең жеңіл салмақтан, 60 келіден басталды. Бұл салмақта құрама лидері әлем чемпионы, Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Елдос Сметов денсаулық жағдайына байланысты Қазақстан чемпионатынан босатылған болатын. Елдостың қатыспауы жастарға жол ашып, құрама сапына қосылуға мүмкіндік берді деуге болады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ СӨЗ

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек.

Әуелі - бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда үйретушілерге беріп сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәтта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберсе, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді.

Екінші - ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағлым берсе, сонда түзелер еді.

Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірерлік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндірерлік дәулет бір кісіге бітуге мүмкін де емес.

Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма - сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, егер сөз айтсаң, түгел тыңдап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап отырады. Енді не қылдық, не болдық!

ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ СӨЗ

Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі - жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, құлық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендікке салына ма? Малдылар малын өңкей малшыларға, бала-шағаға тапсырып, қолдағы құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырауына шыдайды. Пыш-пыш кеңестен қалып, бір ауылға барып, құлық, сұмдық жасап жүріп, тегін тамақ жеп, ыржыңдасуды қысыратуға шыдамайды. Не үшін десең, халыққа әдет жол болған соң, шаруаға пысық, мал бағуға, мал табуға пысық ол өнерлі кісіге қосылмайды, я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім», «білгенім» деп елге жайып жүріп, ырбаңдауға пысық өнерлілерге қосылғандай көрінеді.

Сол үшін осы күнгі қазақтың іске жараймын дегені өзінің азды-көптісін біреуге қоса салып, «көре жүр, көздей жүр» деп басын босатып алып, сөз аңдып, тамақ аңдып, ел кезуге салынады.

Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абұйыр да мақтан емес, арыз бере білу, алдай білу - мақтан. Бұл екеуі қолынан келген кісі салт атты, сабау қамшылы кедей де болса, аз да болса орны төрде, майлы атқа, майлы етке қолы жетеді. Желөкпелеу, мақтаншақ байларды: «сіз айтсаңыз, отқа түсуге бармын» деп желдендіріп алып, шаруасын қылмай-ақ, малын бақпай-ақ, содан алып киімін бүтейтіп киіп, тәуір атын мініп алып, қатарлы бір құрметке жетіп жүре береді.

Ол бай өз тыныштығын да білмейді, бос шығынданғанын да ескермейді. Бір кісімен сөйлессе, «мұны қайтеміз?» - деп бағанағы антұрғанмен ақылдасады. Ол сиырдың жорғасы секілденіп, қарайғанда жалғыз өзім болсам екен дейтұғын ниетімен және де ақылдасар досы көбейсе, қадірім кетіп қалады деп ойлап: «Ой, тәңір-ай, соны білмей тұрсыз ба? Ол ана құлық қой, бұл мына құлық қой» деп, «оған бүйдей салсаң болмай ма?» деп бар оңбаған жауапты үйретіп, амалшылықтың жолын үйретем деп, ол байдың өзін кісіге сенбейтұғын қылады. Және байдың өзіне де адам сенбейтұғын болады. Байдың өз жауабы, өз мінезі оңбай тұрған соң, бағанағы кісі бұзылса, әлгі антұрған бағанағы байға: «Мен айтпап па едім, онымен құлық сөз деп, міне, көрдің бе?» - деп, екіншіде тырп етпейтұғын қылып алады. Ендігі жұрттың ақылы да, тілеуі де, харекеті де - осы.



ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Жаңа жыл әр елде ұлттық салт-дәстүрге сай тойланады, десек те, алуан түрлі ойыншықтармен безендірілген әсем шырша, түн ортасында сағаттар соғып, Жаңа жыл келгенін білдіруі, шампан, жаңажылдық дастархан, сыйлықтар, ғажайыптар мен жақсылыққа сену – бәрімізге ортақ.

Ғалымдардың айтуынша, Жаңа жылды тойлау шамамен біздің дәуірімізге дейін 3000 жылы алғаш рет Месопотамияда басталған. Көне замандағы адамдар Мадрук құдай зұлымдық пен өлімді жеңді деп санаған. Сол себепті Месопотамия халқы жақсылықтың жамандықты жойғанына қуанып, бірнеше ай бойы тойлайды. Әртүрлі карнавалдар, маскарадтар мен шерулер өткізеді. Мейрам кезінде жұмыс істеуге, жазалауға және сот шешімін шығаруға тыйым салынған.

Уақыт өте келе бұл дәстүрді мысырлықтар мен гректер жалғастырып, содан соң римдіктер мен өзге халықтарға тарай бастайды. Ежелгі Грекияда Жаңа жыл жазғы күн тоқырауы – 22 маусымда тойланып, шарап құдайы – Диониске арналған. Гректердің жыл санауы Олимпиада ойындарынан басталды.

КӨҢІЛ АЙТУ

Алматы облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Марлен Қапашұлы Көлбаевқа

әкесі Қапаш Қазбалаұлының

мезгілсіз дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

«Офсет» баспаханасы және «Алатау» редакциясы ұжымы.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР — тілші
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ — тілші
Мадина АКМАТОВА — тілші

Кезекші редактор: Л. АЙДЫНҚЫЗЫ

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 5025
Тапсырыс № 1266
Индекс 15534